**Қарағанды облысы білім басқармасының**
**Абай ауданы білім бөлімінің**
**«Қуаныш» мектеп-бөбекжай кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

# Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай кешені»коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды

**2024 жыл**

**Қарағанды облысы білім баскармасының**
**Абай ауданы білім бөлімінің**
**«Қуаныш» мектеп-бөбекжай кешені»**
**коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау туралы есебі**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай кешені»коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2022 жылғы 09 қарашада бекітілген 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2023 жылдың 1 мен 30 сәуір күндері аралығында2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына және 2023-2024 оқу жылыныңмамыр айына өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалауды мектеп басшысының 2024 жылғы 04 қаңтардағы №3 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясы төмендегі құрамда құрылды:
Комиссия төрағасы – ХамзинаС.С.- директор
Манас Ж.Б– директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Шапшекеева Е.Ю– бастауыш сынып мұғалімі
Вельк Е.Н– директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Әнес Б– әдіскер
Горбунова Я.Э– кәсіподақ ұйымының төрайымы, музыка мұғалімі
Хатшы – Казыкенова А.Б

**1. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

**Білім беру ұйымының толық атауы**

Қарағанды облысы білім басқармасы Абай ауданының білім бөлімі “Қуаныш” мектеп-бөбекжай” кешені” КММ

**Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)**

Қарағанды облысы, Абай ауданы, Қарабас кенті, Кирова көшесі, 20А.
Карагандинская область, Абайский район, п.Карабас, улица Кирова 20А

**Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):**

Телефон: 87213145451,
Ресми сайт:
e-mail: komplekskuanysch @mail.ru
факс: 87213145619
web-сайт: abai-kuanish.edu.kz

**Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)**

**Ссылка: https://krguo.edu.kz/files/blogs/1727389653229.pdf**

Заңды тұлғаның өкілі Хамзина Салтанат Суиндиковна.Қарағанды облысы білім басқармасы, Абай ауданы білім бөлімінің 14.06.2022 жылғы №52/1 бұйрығы негізінде директор лауазымына тағайындалды.

**Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі)**

**Ссылка: https://krguo.edu.kz/files/blogs/1727389653311.pdf**

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтама/ куәлік, жарғы).

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама берілді 13.01.2021 жыл №101000051265169

«Қуаныш» «мектеп-бөбекжайкешені» КММ Қазақстан Республикасының заңы бойынша заңды тұлға болып табылады.

Білім беру ұйымы өз қызметінде Абай ауданының білім бөлімінің «Қарағанды облысы Абай ауданы Қарабас кентінің «Қуаныш» «мектеп-бөбекжайкешені» КММ – нің 2021 жылы 08 қаңтар №3 қаулысымен бекітілген Жарғыны басшылыққа алады.

**Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)**

**Ссылка: https://krguo.edu.kz/files/blogs/1727389653391.pdf**

(мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

“Қуаныш” мектеп-бөбекжай” кешені” КММмектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.Қызметтің басталғаны туралы хабарлама жіберілді. Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін пайдалана отырып, электрондық нысанда жүзеге асырылды.

**2. Кадрлық құрамға талдау**

**Ссылка: https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/230151**

**https://krguo.edu.kz/files/blogs/1727432654452.pdf**

2021-2022 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптарына сай 16 мұғалім жұмыс істеді, оның ішінде директордың м.а – 1, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 2, педагог-психолог – 1, пән мұғалімдері – 11.

Жоғары білімі бар 11 мұғалім, оның ішінде 4 бастауыш сынып мұғалімдері;
Орта-арнайы білімі бар 5 мұғалім, оның ішінде 3 бастауыш сынып мұғалімі;

2022-2023 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптарына сай 15 мұғалім жұмыс істеді, оның ішінде директор – 1, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 2, педагог-психолог – 1 , пән мұғалімдері –10.

Жоғары білімі бар 12 мұғалім, оның ішінде 4 бастауыш сынып мұғалімдері;
Орта-арнайы білімі бар 3 мұғалім, оның ішінде 2 бастауыш сынып мұғалімі;

2023-2024 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптарына сай 12 мұғалім жұмыс істейді, оның ішінде директор – 1, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 2 - негізгі қызметіне қосымша атқарады., пән мұғалімдері -9.

Жоғары білімі бар 10 мұғалім, оның ішінде 4 бастауыш сынып мұғалімдері;
Орта-арнайы білімі бар 2 мұғалім, оның ішінде 1 бастауыш сынып мұғалімі;

**Білімі бойынша мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы**

| Білім | 2021-2022 оқу жылы | 2022-2023 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жоғары | 11 | 12 | 10 |
| Арнайы орта | 5 | 3 | 2 |




Мектептегі жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығында оқытатын пәндеріне сай мамандық бойынша дипломдары бар.

**Мектептің тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі – 83% -ға теңеледі және 3 деген баллға сәйкес келеді.**

Мектеп педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Дегенмен сағат сандарының аз болғандығынан қазақ тілінде оқытылатын сыныптардағы орыс тілі маманы, орыс тілінде оқытылатын сыныптарда ағылшын тілі маманы, психолог мамандарының жетіспеушілігі болды. Мектептің кадрлық саясаты білім беру ұйымының миссиясына, мақсаттарына, міндеттеріне сәйкес айқындалған. Жыл сайын сыныптардың азаюына байланысты педагогикалық кадрлардың саны азаюда. Мектептің кадрлық саясатының мақсаты – мектептің қажеттіліктеріне, академиялық еркіндік пен тәуелсіздік саясатына, сондай-ақ заңнама талаптарына сәйкес кадрларды ұтымды пайдалану және дамыту.

2021-2022 оқу жылында педагогикалық кадрларға қажеттіліктер болғандықтан төмендегідей бос жұмыс орындары болды, басқа мектептен қосымша қызмет ретінде педагог қабылданды.

1. Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі пәнінің мұғалімі.

2022-2023 оқу жылында педагогикалық кадрларға қажеттіліктер болғандықтан төмендегідей бос жұмыс орынына конкурс жарияланды:

1. Педагог-психолог

2023-2024 оқу жылында педагогикалық кадрларға қажеттіліктер болғандықтан төмендегідей бос жұмыс орынына конкурс жарияланды:

1. Педагог-психолог

Педагогтің кәсіби-тұлғалық дамуын қамтамасыз ету, оның кәсіби қасиеттері мен қабілеттерін үздіксіз жақсарту мақсатында педагогтардың білім беру қажеттіліктерін зерделеу арқылы, педагогқа қойылатын талаптарын ескере отырып жыл сайын жоспарға сай педагогтардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

Мектептің 2021-2024 жылдардағы кадрлық әлеуетіне талдау көрсеткендей:

- Мектептің педагогикалық ұжымы тұрақты, педагогикалық қызметкерлердің негізгі бөлігін 3 жылдан 25 жылға дейінгі жұмыс істеген мамандар құрайды.

- Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары бірінші, үшінші, сарапшы, модератор.
-Кадрлық әлеуетті дамыту мақсатында ынталандырушы қордың рөлін күшейту жөнінде шаралар қабылданды. Біліктілік арттыру курстарына жіберу, түрлі конкурстар мен байқауларға қатысу, іс-тәжірибе алмасу, өзіндік білімін жетілдіру.
- Мектепте жас мамандардың табысты бейімделуіне барлық жағдай жасалуда;

Біздің мектепте жас мамандарды еңбекке төсілдіруде, тәжірибесі бар педагогтар олармен жұмыс істейді.

**Мұғалімдердің педагогикалық еңбек өтілі бойынша сандық және сапалық құрамы**

| **Педагогикалық Өтілі** | **2021-2022 оқу жылы** | **2022-2023 оқу жылы** | **2023-2024 оқу жылы** |
|---|---|---|---|
| 3 жылға дейін | 2 | 1 | 0 |
| 3жылдан 10 жылғадейін | 8 | 7 | 6 |
| 10жылдан 15жылғадейін | 2 | 2 | 2 |
| 15 жылдан 20 жылға дейін | 1 | 1 | 1 |
| 20 жылдан 25 жылға дейін | 2 | 2 | 2 |
| 25 тен жоғары | 1 | 1 | 1 |
| Барлығы | 16 | 14 | 12 |




Еңбек өтілі бойынша сапалық құрамның мониторингі негізгі құрам - өтілі бар мамандар екенін көрсетеді. 3 жыл мен 20 жылдан астам еңбек өтілі бар мұғалімдер санының өсуі оның мектебімізде қалыптасқан тұрақты ұжым екенін көрсетеді, бұл білім беру сапасына жағымды әсер етеді.

**Педагог қызметкерлердің біліктілік санаты бойынша сандық және сапалық құрамы**

| Білікті санат | 2021-2022 оқу жылы | 2022-2023 оқу жылы | 2023-2024 оқу жылы |
|---|---|---|---|
| Педагог– зерттеуші | - | - | - |
| Педагог– сарапшы | 3 | 3 | 2 |
| Педагог–модератор | 4 | 6 | 4 |
| Педагог | - | | - |
| Жоғары | - | - | - |
| Бірінші | - | - | - |
| Үшінші | 1 | 1 | 1 |
| Санатсыз | 7 | 5 | 5 |
| Барлығы | 16 | 15 | 12 |
| Пайызы | 56% | 67% | 58% |

Мектеп бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына педагогтардың біліктілік санатын арттырудың перспективалық жоспары жасалып бекітіледі және сол жоспарға сай педагогтер аттестаттаудан өтеді. 2021-2022 оқу жылында 2 педагог «педагог-модератор» санатына өтті. 2022-2023 оқу жылында біліктілік санатына үміткер 3 педагогтің екеуі «педагог-модератор» санатын ие

болды. Дене шынықтыру мұғалімі «педагог-модератор» санатын растау мақсатында аттестаттаудан тиісті баллын жинай алмағандықтан растай алмай «педагог» санатына түсірілді. 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтуге өтініш берген 3 педагог өтініш берген санаттарына өтті.




**2021-2022 оқу жылында:**
«Педагог – зерттеуші» санатында мұғалімдер жоқ;
«Педагог-сарапшы» санатында 3 мұғалім бар, оның ішінде 3 бастауыш сынып мұғалімдері;
«Педагог-модератор» санатында 4 мұғалім бар, оның ішінде 2 бастауыш сынып мұғалімдері ;
Жоғары санатты мұғалімдер жоқ;
І санатты мұғалімдер жоқ;
ІІІ санатты 1 мұғалім бар, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдері жоқ;
Санатсыз мұғалім саны 7, оның ішінде 2 бастауыш сынып мұғалімдері.

**2021-2022 оқу жылы**

| Сыныптар | **Мұғалімдердің саны** | **Педагог-модератор** | **Педагог-сарапшы** | **Педагог-зерттеуші** | **Педагог** | **Жоғары санат** | **Бірінші санат** | **Үшінші санат** | **Санатсыз** | **Пайыз** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бастауыш сынып педагогтерінің сапалық құрамы: | 8 | 2 | 3 | - | - | - | - | - | 3 | 62% |
| Барлығы: | 16 | 5 | 3 | - | - | - | - | 1 | 7 | 56 % |




**2022-2023 оқу жылында**

«Педагог – зерттеуші» санатында мұғалімдер жоқ;
«Педагог-сарапшы» санатында 3 мұғалім бар, оның ішінде 3 бастауыш сынып мұғалімдері;
«Педагог-модератор» санатында 6 мұғалім бар, оның ішінде 3 бастауыш сынып мұғалімдері ;
Жоғары санатты мұғалімдер жоқ;
І санатты мұғалімдер жоқ;
ІІІ санатты 1 мұғалім бар, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдері жоқ;
Санатсыз мұғалім саны 6, оның ішінде 1 бастауыш сынып мұғалімдері.

**2022-2023 оқу жылы**

| Сыныптар | Мұғалімдердің саны | Педагог-модератор | Педагог-сарапшы | Педагог-зерттеуші | Педагог | Жоғарғы санат | Бірінші санат | Екінші санат | Үшінші санат | Санатсыз | Пайыз |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бастауыш сынып педагогтерінің сапалық құрамы: | 7 | 3 | 3 | - | - | - | - | - | - | 1 | 85% |
| Барлығы: | 15 | 6 | 3 | - | - | - | - | - | 1 | 5 | 67 % |




## 2023-2024 оқу жылында

«Педагог – зерттеуші» санатында мұғалімдер жоқ;
«Педагог-сарапшы» санатында 2 мұғалім бар, оның ішінде 2 бастауыш сынып мұғалімдері;
«Педагог-модератор» санатында 4 мұғалім бар, оның ішінде 3 бастауыш сынып мұғалімдері ;
Жоғары санатты мұғалімдер жоқ;
I санатты мұғалімдер жоқ;
III санатты 1 мұғалім бар, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдері жоқ;
Санатсыз мұғалім саны 5, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімдері жоқ.

## 2023-2024 оқу жылы

| Сыныптар | Мұғалімдердің саны | Педагог-модератор | Педагог-сарапшы | Педагог-зерттеуші | Педагог | Жоғары санат | Бірінші санат | Үшінші санат | Санатсыз | Пайыз |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бастауыш сынып педагогтерінің сапалық құрамы: | 5 | 3 | 2 | - | - | - | - | - | - | 100% |
| Барлығы: | 12 | 4 | 2 | - | - | - | - | 1 | 5 | 58 % |




Барлық педагог соттылықтың жоқтығы туралы анықтамаға ие, іс жүргізуші қызметкер жыл сайын есеп жүргізіп, жаңартып отырады. Сондай-ақ жұмысқа қабылдау кезінде жаңадан келген әрбір қызметкерден осы құжат талап етіледі. Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын Абай қаласының орталық ауруханасынан медициналық тексеруден өтеді. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылыдарының басына барлық педагогтың медициналық тексерістен өтіп, жұмысқа рұқсат алған санитарлық кітапшалары бар.

Мектеп бойынша 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына педагогтардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары жасалып бекітіледі және сол жоспарға сай педагогтер біліктілік курстарына жіберіледі.

**Үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер**

| № | Педагогтер | Жалпы педагогтер саны | Курстан өткен педагогтер саны | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Басшылық кадрларға арналған курс | Инклюзивті білім беру курсы | Біліктілікті арттыру курсы |
| 1 | 2021-2022 оқу жылы | 16 | 2 | 0 | 4 |
| 2 | 2022-2023 оқу жылы | 15 | 0 | 10 | 5 |
| 3 | 2023-2024 оқу жылы | 12 | 2 | 0 | 1 |

**2. Білім алушылар контингенті.**
**Ссылка: https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/230053**

## Сыныптардың толықтығы туралы мәліметтер

### 2021-2022 оқу жылы

| Оқыту тілі | Сынып | Оқушы саны | Сыныптар саны | Комплект |
|---|---|---|---|---|
| Қазақ тілі | 1 | 5 | 1 | 1 |
| | 2 | 6 | 1 | 1 |
| | 3 | 5 | 1 | 1 |
| | 4 | 8 | 1 | 1 |
| | **1-4** | **24** | **4** | **4 сынып-комплект** |
| Орыс тілі | 1 | 10 | 1 | 1 |
| | 2 | 13 | 1 | 1 |
| | 3 | 9 | 1 | 1 |
| | 4 | 11 | 1 | 1 |
| | **1-4** | **43** | **4** | **4 сынып-комплект** |
| **Барлығы** | **1-4** | **67** | **8** | **8 сынып-комплект** |

### 2022-2023 оқу жылы

| Оқыту тілі | Сынып | Оқушы саны | Сыныптар саны | Комплект |
|---|---|---|---|---|
| Қазақ тілі | 1 | 7 | 1 | 1 |
| | 2 | 5 | 1 | 1 |
| | 3 | 6 | 1 | 1 |
| | 4 | 5 | 1 | 1 |
| | **1-4** | **23** | **4** | **4 сынып-комплект** |
| Орыс тілі | 1 | 9 | 1 | 1 |
| | 2 | 7 | 1 | 1 |
| | 3 | 14 | 1 | 1 |
| | 4 | 6 | 1 | 1 |
| | **1-4** | **36** | **4** | **4 сынып-комплект** |
| **Барлығы** | **1-4** | **59** | **8** | **4 сынып-комплект** |

**2023-2024 оқу жылы**

| Оқыту тілі | Сынып | Оқушы саны | Сыныптар саны | Комплект |
|---|---|---|---|---|
| Қазақ тілі | 2 | 7 | 1 | 1 |
| | 3-4 | 4 | 1 | 1 |
| | | 4 | | 1 |
| | **2-4** | **15** | **2** | **2 сынып-комплект** |
| Орыс тілі | 2 | 10 | 1 | 1 |
| | 3 | 6 | 1 | 1 |
| | 4 | 14 | 1 | 1 |
| | **2-4** | **30** | **3** | **3 сынып-комплект** |
| **Барлығы** | **2-4** | **45** | **5** | **5 сынып-комплект** |

Мектепте сыныптарының толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) – 100% -ға теңеледі, ол 5 (бес) деген баллға сәйкес келеді.

**Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер**

Үш жыл ішінде сандық құрамы бойынша келесі өзгерістер байқалады:

| 2021 -2022 жыл | 2021 -2023 жыл | 2023 -2024 жыл |
|---|---|---|
| 67 | 59 | 45 |

2021 – 2022 оқу жылында мектепке 7 оқушы келді, мектептен кеткен оқушы болған жоқ.
2022 – 2023 оқу жылында мектепке 2 оқушы келді, мектептен 5 оқушы кетті.
2023 – 2024 оқу жылында мектепке 1 оқушы келді; мектептен кеткен  оқушы жоқ.

**2021-2022 оқу жылында келген оқушылар**

| № | Т. А. Ә. | Сынып | Бұйрықтың № және келген күні | Қайдан келді |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Пшеничная Д.С | 1 | №39 от 02.11.2021 | Бұқар жырау аданы, Кернеев атындағы ОМ |
| 2 | Кусаинова А.Е | 2 | №40 от 02.11.2021 | Алматы облысы Ескелді ауданы Н.Алдабергенов ЛДШО |
| 3 | Жұмәділ С.М | 1 | №41 от 02.11.2021 | Қарабас кенті №15 ОМ |
| 4 | Иманбай І.М | 3 | №43 от 02.12.2021 | Ақадыр кенті Гагарина атындағы МЛ |
| 5 | Майкен Н | 2 | № 3 от 17.02.2022 | № 1 ҚББМО Абай қаласы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | Байқабылұлы  А | 2 | №6 от 22.04. 2022 | Бұқар жырау ауданы Құшоқы  ЖББМ |
| 7 | БайқабылұлыН | 4 | №7 от 22.04. 2022 | БұқаржырауауданыҚұшоқы ЖББМ |

**2021-2022 оқу жылында кеткен оқушылар болған жоқ.**

**2022-2023 оқу жылы келген оқушылар.**

| № | Т. А. Ә. | Сынып | Бұйрықтың № жәнекелгенкүні | Қайдан келді |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мұқамбетжанова А | 2 | №37 от 07.09.2022 | Абай қаласы № 1МҚБО |
| 2 | Березина Р.В | 3 | №38 от 23.09.2022 | Қарағанды қаласы, №137 негізгі орта мектебі |

**Кеткен оқушылар**

| **№** | **Т. А. Ә.** | **Сынып** | **Бұйрықтың № жәнекеткен күні** | **Қайда кетті** |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қуандыққызы Айым | 1 | №36 от 06.09.2022 | Теміртау қаласы № 6 ЖББМ |
| 2 | Мұқамбетжанова А | 2 | №39 от29.11.2022 | Ақтөбе қаласы Ақтаев атындағы № 6МГ |
| 3 | Қайыржан А | 2 | № 1 от 04.01.2023 | Дубовка кенті Қ.Аманжолов атындағы  ЖББМ |
| 4 | Тілеш Ж | 4 | №2 от 04.01.2023 | Дубовка кенті Қ.Аманжолов атындағы  ЖББМ |
| 5 | Березина Р.В | 3 | № 17.02.2023 | Дубовка кенті Қ.Аманжолов атындағы  ЖББМ |

**2023-2024 оқу жылы келген оқушылар.**

| № | Т. А. Ә. | Сынып | Бұйрықтың № және келген күні | Қайдан келді |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мұқамбетжанова А | 3 | №23 от 22.09.2023 | Абай қаласы № 5 МГ |

**2023-2024 оқу жылында кеткен оқушылар болған жоқ.**

**4. Оқу-әдістемелік жұмыс**

Білім алу – адам өміріндегі ең маңызды кезең болып табылады. Баланы жеке өмірге бейімдеп, білім беріп, тұлға болып қалыптастырып, жеке өмірге дайындайтын мектеп. Яғни  мектептегі алған тәлімі мен білім баланың өмірлік азығы. Білімді ұрпақ – еліміздің жарқын болашағы. Сондықтан қоғамның ең маңызды міндеті-өскелең ұрпақты оқыту және тәрбиелеу. Әр білім беру ұйымының, оның ішінде біздің мектептің міндеті - бастауыш білім беруде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар

жасау. Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру. Отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғкрыптары мен дәстүрлерін зерделеу. Ерекше білім алу қажеттіліг бар тұлғалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасау.

**Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық актілер**

Мектепте білім беру процесін іске асыру кезінде мектеп Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Заңдарын және басқа да заңнамалық актілерді басшылыққа алады.

Оқыту процесі мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МБСҰ) (Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2006 ж. 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348);
- «Бастауыш, негізгі орта білім беретін мектептердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру» (Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

«Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрығы)

- «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы)
- «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы)

- «Білім алушылардың үлгерімінің ағымдағы мониторингінің, аралық және қорытынды аттестаттауының үлгілік ережесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

**2023-2024 оқу жылының негізгі ерекшеліктері**

- Оқу жылының ұзақтығы 2-4 сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.
- 1-2-сыныптарда «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері,″ 3-4-сыныптарда – «Көркем еңбек» кіріктірілген пәні оқытылады.
- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе»,″ «Ана тілі» пәндері оқытылады, 2-сыныбында «Орыс тілі» пәнін оқыту басталады.
- Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту.″
- Білім беру ұйымдарында тұтас тәрбие бағдарламасын енгізу.″
- Мерейтойлар мен атаулы күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды″ ұйымдастыру.
- Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту,″

- «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру.
- Педагогтерге арналған «Цифрлық кітапхана» жобасын жүзеге асыру." т.б.

**2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары мынадай міндеттерді орындайды:**

- білім алушылардың білімін толықтыру;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
- білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- цифрлық инфрақұрылыммен және ресурстармен жабдықтау;
- инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету.

Мектеп әр оқушының жеке ерекшеліктерін, білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, жеке бейімділігін ескере отырып, оған бейімделгіш педагогикалық жүйені және әр баланың ақыл-ой, адамгершілік, эмоционалдық және физикалық дамуы үшін ең қолайлы жағдайларды жасау арқылы оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға бағыттайды.

Оқу-тәрбие процесі оқу жоспарларымен, оқу бағдарламаларымен, сондай-ақ тәрбие жұмысының жоспарларымен айқындалады, міндетті, оқу сабақтарының және оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарының барлық түрлерін қамтиды.

1.Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының базалық құндылықтарға, МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім беру мақсаттарына сәйкестігі және болуы.

2.Жоспарларда білім алушыларға білім берудің барлық деңгейлері үшін ортақ болып табылатын және білім алушының мінез-құлқы мен іс-әрекетін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдарларға айналуға арналған ұлттық жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған мектептің педагогикалық ұжымының жұмысы көрсетілген. Білім беру мазмұнындағы базалық құндылықтар ретінде қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім беру айқындалады, бұл МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

3.Мектептің жұмыс жоспарының форматы:

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес келеді.

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" ҚР БҒМ-нің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына.

Мектепте оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылына арналған жұмыс жоспарларымен айқындалады. Жұмыс жоспарлары тамыз айында педагогикалық кеңесте талқыланып, бекітіледі.

Мектептегі оқу процесі 1 қыркүйектен бастап ұйымдастырылды. Мектепте оқу барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, күндізгі оқу екі ауысымда өтеді.

2-4 сыныптар үшін 2023-2024 оқу жылындағы демалыс кезеңдері:

- күзгі демалыс – 7 күн – 2023 жылдың 30 қазанынан 5 қарашасына (қоса алғанда) дейінгі аралық;
- қысқы демалыс – 10 күн – 2023 жылдың 29 желтоқсанынан 2024 жылдың 7 қаңтарына (қоса алғанда) дейінгі аралық;
- көктемгі демалыс – 11 күн – 2024 жылдың 21 наурызынан 31 наурызына (қоса алғанда) дейінгі аралық;

- жазғы демалыс – 98 күн – 2024 жылдың 26 мамырынан 31 тамызына (қоса алғанда) дейінгі аралық.

Оқыту екі тілде жүргізіледі: қазақ тілінде оқытатын сыныптар және орыс тілінде оқытатын сыныптар.
2023-2024 оқу жылының басында білім алушылар саны - 45, оның ішінде қыздар -22;
Аттестаттау кезінде білім алушылар саны – 44, оның ішінде қыздар -21;
Қазақ тілінде білім алушылар саны - 15 , оның ішінде қыздар - 8;
Орыс тілінде білім алушылар саны - 30, оның ішінде қыздар – 13;
Бастауыш буын (2-4 сыныптар) - 44 оқушы, оның ішінде қыздар 21;
Мектеп бойынша білім сапасы:
2021 - 2022 оқу жылы 74,00 % құрады;
2022 - 2023 оқу жылы 74,6 % құрады;
2023 - 2024 оқу жылы үшін – 76,74 % құрады;

**Ссылка: https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/230153**
**Мектеп бойынша аттестатталатын кезеңдегі білім сапасының мониторингі**






2021-2022 оқу жылы; 2022-2023 оқу жылы; 2023-2024 оқу жылдары мектеп бойынша үлгермегендер және аттестатталмаған білім алушылар жоқ.

**2023-2024 оқу жылында оқу процесін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету**

2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы;
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);
- «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы;
- (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);
- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

Кесте үлгілік оқу жоспары және оқу жұмыс жоспары негізінде жасалады. ОЖЖ және кесте ҚР Білім Министрінің 12.08.2022 ж. № 365 Бұйрығының үлгілік оқу жоспары бойынша жасалды.

**Ссылка: https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/229438**

**2021-2022 оқу жылына оқушыладың оқу жүктемесі**

| Қазақ | Инвариантты | Вариативті | Максималды | Орыс | Инвариантты | Вариативті | Максим |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| тілінде оқитын сыныптар | компонент | компонент | оқу жүктемесі | тілінде оқитын сыныптар | компонент | компонент | алды оқу жүкте-месі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 «Ә» | 22,5 | - | 22,5 | 1 «А» | 22,5 | - | 22,5 |
| 2 «Ә» | 23 | 1 | 24 | 2 «А» | 24 | - | 24 |
| 3 «Ә» | 26 | 1 | 27 | 3 «А» | 27 | - | 27 |
| 4 «Ә» | 26 | 1 | 27 | 4 «А» | 28 | - | 28 |

**2022-2023 оқу жылына оқушыладың оқу жүктемесі**

| Қазақ тілінде оқитын сыныптар | Инвариантты компонент | Вариативті компонент | Максималды оқу жүктемесі | Орыс тілінде оқитын сыныптар | Инвариантты компонент | Вариативті компонент | Максим алды оқу жүкте-месі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 «Ә» | 18,5 | 1 | 19,5 | 1 «А» | 20,5 | - | 20,5 |
| 2 «Ә» | 23 | 1 | 24 | 2 «А» | 24 | - | 24 |
| 3 «Ә» | 25 | 1 | 26 | 3 «А» | 26 | - | 26 |
| 4 «Ә» | 25 | 1 | 26 | 4 «А» | 27 | - | 27 |

**2023-2024 оқу жылына оқушыладың оқу жүктемесі**

| Қазақ тілінде оқитын сыныптар | Инвариантты компонент | Вариативті компонент | Максималды оқу жүктемесі | Орыс тілінде оқитын сыныптар | Инвариантты компонент | Вариативті компонент | Максим алды оқу жүкте-месі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 «Ә» | 23 | 1 | 24 | 2 «А» | 24 | - | 24 |
| 3 -4 «Ә» | 25 | 2 | 27 | 3 «А» | 26 | - | 26 |
| | | | | 4 «А» | 27 | - | 27 |

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығымен Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй жұмысын ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді.
Білім алушыларға үй тапсырмалары олардың орындау мүмкіндіктері ескеріле отырып беріледі, 2 сыныпта 50 минуттан, ал 3-4 сыныптарда 1 сағат 10 минуттан (астрономиялық сағатта) аспайды.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру кезінде бастауыш сынып мұғалімдері қоңырау соғылмай тұрып, сабақ барысында оқушыларға үй тапсырмасы туралы ақпарат беріп отырады; үй жұмысын орындауы бойынша нұсқаулық өткізеді; келесі сабақта үй тапсырмасындағы қателермен жұмыс жасалынып отырады.

Вариативті компонент-тереңдетіп оқыту бойынша қосымша курстар, оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, олардың қабілеттерін, сондай-ақ оқушылардың кәсіби бағдарын дамыту құралы.

**2021-2022 оқу жылы пәндердің вариативті бөлігі келесі курстарға бөлінеді:**

**Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті** (қазақ тілінде оқитын 1-4 сыныптар)

Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:

-«Тіл тағылымы»

-«Шалма»
-«Спорт және Мен»
**Бастауыш білім берудің вариативті компоненті (орыс тілінде оқитын 1-4 сыныптар үшін) қарастырылмаған.**
**2022-2023 оқу жылы**
**Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті (қазақ тілінде оқытатын 1-4 сыныптар)**
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:
-«Математика адам өмірінде»
-«Қисынсыздықтар әлемінде»
-«Зерделеймін.Жасаймын.Танимын»
**Бастауыш білім берудің вариативті компоненті (орыс тілінде оқытатын 1-4 сыныптар)** қарастырылмаған.
**2023-2024 оқу жылы**
**Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті (қазақ тілінде оқытатын 1-4 сыныптар)**
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар:
-«Математика адам өмірінде»
-«Қисынсыздықтар әлемінде»
-«Шалма»
**Бастауыш білім берудің вариативті компоненті (орыс тілінде оқытатын 1-4 сыныптар)** қарастырылмаған.

Сыныпты екі топқа бөлу жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптардағы білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда бөлінеді. Біздің мектепте сыныптарды топтарға бөлу жоқ, өйткені сыныптардың максималды толымдылығы 14 оқушы.
**Ссылка: https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/230051**

Әдістемелік жұмыстың және мектеп әкімшілігінің маңызды бағыты мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру болып табылады. Мектептің әдістемелік жұмысы пәндерді оқытудағы әдістемелік деңгейді арттыруға бағытталған негізгі жұмыс:

-берік білім беру, балаларды қоғам жағдайына бейімделуге үйрету, өз бетінше білім алу, қызығушылықты ояту, пәнді игеру, МОДО тапсыруға дайындау;
- мектептің бірыңғай әдістемелік тақырыбы – «Үздіксіз білім беру - педагогтердің жеке тұлға ретінде дамуының шарты»

Мектепте 1 әдістемелік бірлестік құрылған:

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі;

Мектептің әдістемелік жұмысы білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Әдістемелік бірлестік отырыстарында үлгерімі төмен және дарынды оқушылармен жұмыс жоспары, дарынды және қабілетті оқушылармен жұмыс, оларды іздеу, анықтау және дамыту - мектеп жұмысының маңызды аспектілерінің бірі, пәндік апталарды өткізу және ашық сабақтар өткізу бойынша жұмыс жоспары жасалады. Ашық сабақтар өткізу ұзақ және күшейтілген дайындықты талап етеді, педагогикалық тәжірибені насихаттау болып табылатын белгілі бір кафедраның, әдістемелік бірлестіктердің барлық мұғалімдерінің қатысуын көздейді.

Өткен ашық сабақтардың барлығы әдістемелік бірлестік отырыстарында талқыланып, талданады. МӘБ отырыстарында пән қызметкерлерінің жұмыс тәжірибесі жинақталады, жұмыстың қорытындысы шығарылады.

Мектеп бойынша мұғалімдердің максималды педагогикалық жүктемесі 24 сағат.

**Ссылка:** https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/230155

Мектепшілік бақылау оқу-тәрбие процесін үйлестіруді жалпы мемлекеттік талаптарға (нормативтерге) және оқушы мен педагогтың дамып келе жатқан тұлғаларының сұраныстарына сәйкестігін зерделеу және талдау мақсатында мектебімізде жүзеге асырылады.

Оқыту процесінің және білім алушының оқу жетістігінің  сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылау жүргізіледі.

Оқу процесін ұйымдастыру мен мектепшілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін мектеп әкімшілігі бақылау нормативтерін қатаң сақтайды.

| № | Бақылау нысандары | Нормалар |
|---|---|---|
| 1 | Сабаққа қатысу, бақылау және талдау | - директордың орынбасарлары үшін айына кеміне 8 сабақ;<br>- білім беру ұйымының директоры үшін айына кемінде 4 сабақ; |
| 2 | Қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарларды тексеру | Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес |
| 3 | Электронды сынып журналдарын тексеру | Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес |
| 4 | БЖБ және ТЖБ-ның жүргізілуін тексері | Мектептің бекітілген кестесі бойынша |
| 5 | Оқыту процесінде педагогтердің қашықтан оқыту технологиялары мен ЦБР қолдануы | Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес |

Сабақты бақылау, зерттеу мен талдау оқыту процесін жақсартудың, педагогтың кәсіби өсуі мен дамуының, білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады.

Мектеп әкімшілігінің сабақтарға қатысуы алдын ала дайындалған, білім беру ұйымының басшысы бекіткен жоспар және міндетті түрде ақпарат тақтасына орналастырылған кесте бойынша жүзеге асырылады;

Педагогтардың кәсіби өсуі мен дамуы үшін нақты әдістемелік көмек көрсету мақсатында жоспарсыз сабаққа қатысу іске асырылады;

Мектеп әкімшілігінің сабаққа қатысу нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талданып, бақылау парақтарында, сабаққа қатысу журналында тіркеледі;

**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын зерделеу:**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы
3 тамыздағы №348 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелген) осы стандартта көрсетілгендей мектебімізде 2-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұның 2-4 сыныптарда «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 2-3 сыныптарда
6 сағаттан, 4 сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырып отыр.

**«Жол қозғалыс ережелері»**оқыту курсының мазмұны 3-4  сыныптарда сынып сағаты есебінен  әр сыныпта 6 сағаттан  оқытылады және сынып жетекшінің тәрбие

бойынша жылдық жоспарында тақырыбы мен күнін көрсете отырып жүзеге асырылады.

**Оқу мерзіміне өлшемшарттар:**

Мектепте мемлекеттік жалпыға міндетті стандартарына сай бастауыш білім берудің жалпы білім беретің оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі-4 жыл.

## Инклюзивті білім беру

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылған.

Кешенде орташа психикалық дамуы тежелген оқушы Генералов Русланға үй жағдайында білім беру ұйымдастырылды. Білім беру үшін сабақтар кестесі бекітіліп, педагогтер тағайындалды. Аталған оқушыға Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығының 11 тарауы «Оқыту орыс тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын зиятының орташа түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 5-қосымша негізінде оқу жоспары жасалды. Ата-анасының өтініші және дәрігерлік – консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде оқушыға мемлекеттік қызмет көрсетілді.

- Үйде жеке тегін оқыту туралы бұйрық шығарылды.
- Үйде оқытудың жекелеме сабақ кестесі жасалды, сабақ кестесі ата-ананың сұранысы, оқушының қабілеті ескеріле отырып жасалды және ата-анамен келісіліп бекітілді.
- Үйде жеке тегін оқытатын оқушымен арнайы мамандар (логопед) жұмыс кестесі жасалып бекітілді.

  Оқу және мұғалім САТР баспасының оқулықтар мен оқу әдістемелік кешенімен 100% қамтамасыз етілді.

  **Ссылка:** https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/230152

## Мектептің тәрбие жұмысы бойынша ақпараттар

«Тәрбиесіз берілген білім, адам баласының қас жауы»-деген Бауыржан Момышұлының аталы сөзі тәрбиенің біліммен қатар жүруін айғақтай түсері анық. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы іске асырылуда.

Білім алушылардың таным мәселелері мен субьективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықты оқушылардың бойына дарытуға бағытталған тәрбие жұмысы 8 бағытты қамти отырып құрылған. Білім ордасында оқушыларды тәрбиелей отырып білім береміз, білім бере отырып тәрбиелейміз.

**Ссылка: https://krguo.edu.kz/blogs/view/605/230054**

**2023-2024 оқу жылы**

**<u>Тәрбие жұмысының тақырыбы</u>:**

«Бастауыш буын оқушыларының бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіруде тиімді тәсілдерді қолдану»

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу–барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз–жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

- Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
1 қыркүйек – Білім күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атаулы күн «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» атты салтанатты жиыннан басталды. Іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында білімнің басымдылығы мен маңыздылығын және жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру. Жиынды оқушылар сап түзеп, жаңа оқу жылында алғаш рет Мемлекеттік Гимнді орындады. Жаңа оқу жылында аталып өтілетін маңызды мейрамдар мен мерейтойлар туралы айтылды. Мектеп директоры Хамзина Салтанат Суйиндиковна оқушыларға жылы лебізін білдіріп, жаңа оқу жылымен құтттықтады және оқушыларды білім мен тәрбие жолында белсенді болуға шақырды.

Сынып сағаттары аясында мұғалімдер білімге деген ұмтылыс, патриотизм және еңбекқорлықты насихаттады. Сондай-ақ жаңа оқу жылында рухани құндылықтарды қалыптастыру мен дамыту туралы бірлескен талқылау ұйымдастыруып, достық қарым-қатынастың, жауапкершілік пен бір-біріне деген құрметтің маңыздылығын ашуға тырысты. Сонымен қатар мектеп «Сәлем, жаңа оқу жылы!» атты бейнеролик дайындап, республикалық акцияға қатысты.

«Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде ана тілінің маңызы мен қоғамдағы орнын, жас ұрпақтың ана тілінің қадір-қасиетін түсіне білуін, балаларды туған тілін сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу мақсатында Қазақстан халқы тілдері күніне орай онкүндік ұйымдастырылды.

Онкүндік «Тіл-кемел болашақ тұғыры» саптық жиынынан басталды. Саптық жиынға 2-4 сынып оқушылары қатысты. Оқушыларға қыркүйек айының 4 мен 16 аралығында болатын онкүндіктің жоспары таныстырылды.

5 қыркүйек күні 2-4 сыныптарда «Тіл - ұлттың рухани негізі» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты барысында Алаш арыстаны, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен ұлт ұстазы, қазақ әліпбиін негізін қалаған ғалым - Ахмет Байтұрсынов туралы ақпаратпен танысты. Халық тарихындағы тілдің маңызы мен құндылығын ашты. Тіл туралы мақал-мәтелдер айтты, өлеңдер оқыды.

Тілдер онкүндігі аясында өткізілген оқу сауаттылық күнінде 2-4 сынып оқушылары диктант жазды.

Қыркүйек айының 6-сы «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Парасаттылық деген не?» тақырыбында адалдық сағаты өткізілді. Адалдық сағатына 2-4 сынып оқушылары қатысты.Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойына парасаттылық, жақсылық пен мейрімділік сынды ізгі қасиеттерді сіңіру.

Адалдық сағаты барысында балалар жақсылық және оның ережелері туралы айтып, мейірімді адам туралы ойларымен бөлісті. Парасатты адамның моделін құрастырып, «мейірімділік ағашының» суреті саалды. Өз ойларын ортаға салып, пікірлерді талқылады. Жемқорлықтың қылмыс екендігі туралы айтылып, парасатты адамның өмірлік қағидалары таныстырылды.

8 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдері күнін атап өту аясында «Туған тілім – тұғырым» мерекелік концерті өткізілді. Концерт салтанатты түрле Мемлекеттік Гимннің орындалуынан басталды.

8 қыркүйек күні «Сергіту сәті» республикалық челленджі өткізілді. Челленджге 2-4 сынып оқушылары қатысты.

Сергіту сәті – бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады.

Сергіту сәті – білім алушылардың ұзақ монотонды позасынан туындаған статикалық кернеуді жеңілдету мақсатында сергіту сәті жаттығуларын өткізуге арналған сабақ процесіндегі қысқа мерзімді үзілістер.

Челленджің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Тілдер күні «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деген ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры мен тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тікелей байланысты. Осыған орай 2 «Ә» және 2 «А» сынып оқушылары «Ұлт ұстазы – Ахмет» тақырыбында ауызша журнал оқыды. 3-4 «Ә» сынып оқушылары Мұқағали

Мақатаевтің «Үш бақытым» өлеңін оқыды. «Бірлігіміз жарасқандай» әні шырқалды. Мектепшілік «Жас Қыран» ұйымының мүшелері «Қанекей, түрлі тілде сөйлейік» тақырыбында үгітбригадасын көрсетті.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылғы бойынша «Тілге құрмет- елге құрмет» челленджі түсірілді.

13 қыркүйек күні Қазақстан халқы тілдері күнін атап өту аясында 3-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Soz-zerde» зияткерлік сайысы өткізілді. Сайыс «миға шабуыл», «қанатты сөздер», «мақал-мәтел», «полиглот» атты 4 кезеңнен тұрды. Қатысушылар тіл білімін меңгеруде жиған білімдерін ортаға салып, жүлделі орындарға бақ сынасты. Сайыс нәтижесі бойынша қатысушылар дипломдармен марапатталды.

15 қыркүйек күні 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Тілім менің-ғасырларға аманат» тақырыбында мәнерлеп сайысы өткізілді. Сайыс барысында оқушылар туған тілге құрмет пен сүйіспеншілік туралы өлең жолдарын оқыды. Қатысушылар мәнерлеп оқу, орындау шеберліктері бойынша бағаланды. Үздіктер дипломдармен, қатысушылар алғыс хатпен марапатталды.

Қыркүйектің алғашқы жексенбісі аталып өтілетін отбасы күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді. 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Отбасы - алтын бесік» сынып сағаты өтклді. Сынып сағаты барысында оқушылар «Отан отбасынан басталады» тақырыбнда сурет салды және «Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында кластер безендірді. Оқушылар отбасының маңызы мен отбасындағы сыйластық қарым-қатынастың ерекшеліктерін айтты.

«Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде қыркүйектің соңғы жексенбісі аталып өтілетін еңбек күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді. Іс-шараларға 2-4 сынып оқушылары қатысты.

«Ұстазға алғыс айтамын» онлайн-акциясы түсірілді. Оқушылар өздерінің мұғалімдеріне деген алғыстары мен жылы лебіздерін жеткізді. Кешен кітапханасында «Қазақстанда еңбек күні» ақпараттық сағаты өткізілді. Кітапхана оқырмандарына адам өміріндегі және мемлекеттік дамуындағы еңбектің маңызы мен өзгенің еңбегіне құрметпен қарау туралы айтылды. «Еңбек –адамның көркі» сурет байқауы өткізілді. Ең үздік суреттер дипломдармен марапатталды.

Сынып жетекшілер «Мамандықтан әлемінде» тақырыбында танымдық сынып сағаттарын өткізді. Оқушыларға қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтар мен дұрыс мамандық таңдаудың маңызы туралы айтты. Оқушылар «Мен өскенде кім боламын?», «Менің арманым» сынды сауалнамаларға жауап берді.

## ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

«Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде қарттар күні мен ұстаздар күнін атап өту мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілді. «Даналық пен мейрімділік мейрамы» тақырыбында ақпараттық сағаты өткізілді. Мақсаты: жас жеткіншектердің бойына үлкенді сыйлап, тыңдай білуге, халқының салт-дәстүрінен нәр алуға, инабаттылық пен мейірімділікке тәрбиелеу. Ақпараттық сағат барысында балалар ата-әжелеріне ашық хаттар жасады. Оқушының әжесі келіп, жас балаларға өз ғибадатты әңгімелерін айтып, батасын берді.

3-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Менің атам мен әжем» тақырыбында шығарма сайысы өтті. Балалар шығармаларында өз ата-әжелерімен байланысты жылы естеліктерін жазып, отбасындағы жылылық пен мейрімділіктің маңызын ашты. Ең жақсы шығарма жазған оқушылар дипломдармен марпатталды.

Кешен кітапханасында «Ұзақ өмірдің сырлары» атты кітап көрмесі безендірілді. Көрмеде салауатты өмір салты насихатталды. Оқушылар күн тәртібі мен дұрыс тамақтанудың адам өміріндегі маңызымен танысты. Сондай-ақ «Сиқыршы күз» күзгі көрмесі де өткізілді. Көрмеде оқушылардың күзгі жапырақтардан жасаған көрке өнер бұйымдары көрсетілді.

Ұстаздар күніне орай «Ұстаз аты – биік әрі мәңгілік!» мерекелік концерті өткізілді. Концерт барысында оқушылар ұстаздарға ән, би, өлең жолдарын арнады. Ұстаздардың балалара білім беру жолындағы еңбегіне құрмет көрсетілді.

Елімізде қазан айының екінші жексенбісі мүгедектігі бар адамдар күні. Осыған орай «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Жылылық пен мейірімділік күні» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаттарына 2-4 сынып оқушылары қатысты. Сынып сағатының мақсаты: балаларды мейірімділікке, басқа адамдарға деген жанашырлыққа тәрбиелеп, қоғамның әрбір мүшесіне сыйластықпен қарауға бағыттау.

18 қазан – Рухани келісім күніне орай сынып сағатын өткізілді. Рухани келісім – біздің ұлттымызға тән үлкенді сыйлау, отбасына құрмет, балаларға қамқорлық, қонақжайлылық, татулық, достық, ауызбіршілік тәрізді ізгі ортақ құндылықтар берік орнықты. Халқымыздың татулығы мен бірлігі – еліміздің өркендеп, алға басуына себеп болады. Осы байлығымызды қадірлей білу, оны жас ұрпақтың жүрегіне ұялату – еліміздің жарқын болашағының кепілі болмақ.Сынып сағаттары барысында барысында оқушылылар татулық пен ауызбіршілік сынды қасиеттердің маңыздылығын ашты.

25 қазан – Республика күнін атап өту аясында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Кешен оқушыларынан «Патриот деген кім?» тақырыбында сұхбат алынды. Кешен оқушылары Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдық, патриоттық сезім туралы өз ойларымен бөлісті.

Кешен кітапханасында «Жасай бер, Қазақстан!» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесіне қазақ елінің тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүріне байланысты кітаптар мен бұқаралық ақпарат құралдарының беттері қойылды.

2-4 сыныптарда «Республика күні: бірлік пен ынтымақ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: патриоттық сезімді, Отанға деген сүйіспеншілікті, Қазақстан халқының тарихи өткені, бүгіні және жарқын болашағы үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу. Сынып сағаттары ойын форматында өткізілді. Балалар қызықты тапсырмаларды орындай отырып, жаңа ақпараттармен танысты.

Білім алуда белсенді, мектептің қоғамдық өмірінде айырықша көзге түсіп жүрген оқушыларды «Жас Қыран» мектепшілік ұйымының қатарына қабылдау рәсімі өткізілді. Оқушылар ант қабылдап, оларға салтанатты түрде ұйымның төсбелгісі табысталды.

«Қыран елім – Қазақтан!» мерекелік концерті өткізілді. Кешен оқушылары концертте еліміздің тәуелсіздігіне ән, би және өлең жолдарын арнады. Концертке кешеннің өнерлі оқушылары қатысты. **«Мой Казахстан»,** «Бірлігіміз жарасқандай» әндері шырқалды, «Отаным менің» флэшмобы орындалды. Мектепшілік «Жас Қыран» ұйымының мүшелері «Ұлы дала перзентімін!» үгіт бригадасын көрсетті.

## КҮЗГІ ДЕМАЛЫС

2023 жылдың 30 қараша мен 3 қараша аралығында оқушылардың күзгі демалысы ұйымдастырылды. Оқушылар күнделікті мектепке келісімен таңғы

жаттығу жасады. Таңғы жаттығу - бұл қозғалтқыш жүктемелерінің режимі. Жаттығулар оң эмоцияларды алу, денсаулықты нығайту үшін қажет. Сондай-ақ балалардың эмоционалдық интеллектін арттырып, өздерін жақсы түсініп, қатарластарымен жақсы қарым-қатынас орната алу қасиеттерін дамыту мақсатында «Мен...жақсы көремін» писхологиялық жаттығуы өткізілді. Балалар өз жақсы көретін дүниелерін ортаға сала отырып, әр түрлі жастағы жаңа ортада өз пікірлестерін таба алды. Бұл жаттығу алаңының әрі қарайғы жұмысында өткізілетін іс-шаралар барысында балалардың қызығушылығын ескеруге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, күн сайын кешеннің 4 сынып оқушыларымен Оқушылардың оқу жетістігін бағалау мониторингіне дайындық сабақтары өткізілді. Оқушылар өткен тақырыптарын қайталап, білімді бекітуге арналған қызықты тапсырмалар орындады.

«Күзгі демалыс уақытындағы қауіпсіздік» нұсқаулығы өткізілді. Балаларға күз мезгіліндегі табиғаттағы өзгерістер туралы айттылды, табиғаттағы қауіпсіздік техникасы қайталанды. Сонымен қатар, жолдағы, көшедегі және үйде жалғыз қалған уақыттағы қаіпсіздік ережелері де айтылды.

Кешен медбикесі Терре Ольга Анатольевна қазіргі таңда аймағымыз үшін өзекті болып тұрған мәселе «Сібір жарасының алдын алу» туралы оқушылармен әңгіме жүргізді. Жеке бас тазалығы мен дұрыс тамақтану туралы айтылды.

«Зиянды әдеттер мен пайдалы әдеттер» ақпараттық постер дайындалды. Оқушыларға қазіргі таңда белең алып бара жатқан ерте жастағы нашақорлық, темекі мен вейбке тәуелділік сынды мәселелер айтылып, оқушылар арасында салауатты өмір салты насихатталды. Осыған орай «Жеке бас гигиенасы мен күн тәртібі» қабырға газеті де дайындалды.

Кешен кітапханасында «Ұлы мерейтойлар» ақпараттық бұрышы ұйымдастырылды. Ол үш бөлімнен тұрды:

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайберді ұлының туғанына 165 жыл

- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- «Күзгі каллейдоскоп» тақырыбына сурет салу шеберлік сағаты өткізілді. Балалар түрлі тақырыптарға сурерт салып, шығармашылық қасиеттерін көрсетті. Осы бағытта «Жаса, менің Отаным!» сурет көрмесі өткізілді. Оқушылар еліміздің көркем жерлері мен ғажап табиғатын суреттерінде бейнеледі.
- «Логика әлемінде», «Не? Қайда? Қашан?» сияқты зияткерлік сайыстары өткізілді. Балалар қызықты тапсырмаларды орындап, сұрақтарға жауап іздеп уақытын қызықты әрі пайдалы өткізді.
- Дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ сынды үстел ойындарын ойнап, үздіктер анықталды.

## ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

1993 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді. Ал 1997 жылдан бері Мемлекет басшысының Жарлығымен 15 қараша – төл валютамыздың туған күні болып тойланады. Осыған орай «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Ұлттық валюта-теңге» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. сынып сағаттарына 2-4 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты :

Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру, оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Сынып сағаты барысында оқушылар төл валютамыздың тарихымен байланысты қызықты ақпараттарды білді. Ақша айырымына қатысты қызықты тапсырмалар орындады.

17 қараша күні «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Асық ату» республикалық челленджі өткізілді. Челленджге 2-4 сынып оқушылары қатысты. Челлендж мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау

Міндеттері:

- ✓ қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттау
- ✓ қазақхалқыныңұлттыққұндылықтарынқастерлеу
- ✓ оқушылардыасықойынына баулу

2023 жылдың қараша айының 8-20 аралығында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаныны өткізілді.

Науқанның мақсаты:

1. Балаларға қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесіне қоғамдық назар аудару;
2. Қоғамда балаларды қатыгездікке төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру;
3. Балаларды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру.

Міндеттері:

1) балалардың құқықтары туралы қоғамның хабардарлығын арттыру;
2) ата-аналарды, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарды балалардың құқықтарын қорғау мен қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметке тарту;
3) балалар мен жастарды оларға бағдарланған бағдарламалар мен саяси шараларды әзірлеу және іске асыру процесіне тарту.

«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны туралы ақпараттандыру мақсатында жиын өткізілді. Оқушылар мен педагогтерге науқанның мақсаты мен міндеттері және жоспары таныстырылды. Сонымен қатар, науқан туралы ақпарат мектепшілік әлеуметтік желі парақшаларына жарияланды.

Оқушылар тұлғасына жасалатын зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында мұғалімдер үшін құқықтық ағарту шарасын өткізілді. Шара барысында мұғалімдерге оқушылардың құқықтары туралы қосымша ақпараттар беріліп, отбасындағы құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықты анықтау мен оқушыларға қолдау көрсетудің әдіс-тәсілдері талқыланды.

Бастапқы құқықтық білімді қалыптастыру, негізгі заң Конституциямен таныстыру, азаматтық борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу мақсатында, сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша өзекті тақырыптарға 2-4 сынып оқушылары арасында сынып сағаттарын өткізілді. «Құқық білгірлері» іскерлік ойыны ұйымдастырылды. Іс – шара барысында оқушылар құқық тақырыбына кластер дайындады, өз ойларын ортаға салып аталған тақырып бойынша білімдерін ортаға салды. Сондай-ақ, «Смешарики» мультфильм топтамасының «Бала құқықтарының әліппесі» бөлімін тамашалады. Аталған апта аясында кешен оқушылары түрлі іс-шараларға белсенділікпен қатысу арқылы құқықтық сауаттылықтарын арттырды.

«Бақытты балалық шақ» сурет сайысы өткізілді. Балалар үлкен қызығушылықпен қатысып, өздерінің көркем жұмыстарын өткізді. Суреттерінде бақытта балалық шақттың жарқын әлемін бейнеледі.

Балалық шақты қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аудара отырып, «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізілді. Ата-аналар жиналысында балалардың құқықтары, әр балаға бақытты балалық шақ сыйлаудың маңызы, кәмелеттік жасқа толмағандарға жасалатын құқықбұзушылықтың заңсыздығы мәселелері көтерілді.

Мектепшілік әлеуметтік желі парақшасында өткізілген іс-шаралар бойынша ақпарат жарияланды. Әр өткізілгені іс-шара науқанның мақсат, міндеттерін жүзеге асыруға бағытталды.

Жалпыадамзаттық құндылықтар күніне орай «Жалпыадамзаттық құндылықтар – бақытты өмірдің негізі» тақырыбында сынып сағатары өткізілді. Мақсаты: оқушыларды жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге, оларға жеке көзқарасты дамытуға, өзінің ішкі ұстанымын, өзіндік өмірлік құндылықтарын түсінуге ынталандыру; өмірлік жағдайларды талдай білу, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту;

21 қараша – жол-көлік оқиғалары құрбандары күні. Кешенде «Жол тәртібін білесің бе, жолаушы?» тақырыбында жағдаяттық ойын өткізілді. ойынға 2-4 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Оқушылардың жолда жүру ережесі туралы білімдерін толықтыру, білімдерін өмірде қолдана білуге үйрету. Тәртіптілікке, сақ болуға, көшеде өздерін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. Жағдаяттық ойын барысында оқушылар жолдағы қауіпсіздік ережелерін қайталап, жол инспекторының қатысуымен жағдаяттық тапсырмалар орындады.

## ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН – ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді. Барлық іс-шараларға 2-4 сынып оқушылары қатысты. «Егемен Қазақстан!» салтанатты жиыны өткізілді. Барысында оқушыларға мерекелік іс-шаралар жоспары хабарланды, оқушылар өлең жолдарын оқыды.

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. Бұл мереке мемлекетіміздің бостандығы мен күшінің символы болып саналады. Тәуелсіздік алған сәттен бастап халқымыз Қазақстанның ұлы тарихын жаңа жетістіктермен және табысты өзгерістермен тамаша жалғастырды. Осыған орай Қазақстанның Тәуелсіздік күнін мерекелеу қарсаңында «Тәуелсіздік –елімнің ерлік жолы» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: патриоттық сезімді, Отанға деген сүйіспеншілікті, Қазақстан халқының тарихи өткені, бүгіні және жарқын болашағы үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу.Кешені кітапханашысының ұйымдастыруымен «Тәуелсіз Қазақстанның тарихы» кітап көрмесі өткізілді. Көрмеге елімміздің тарихында орын алған маңызды оқиғалар көрініс тапты. Оқушылар Отанымыз туралы қызықты мақалалар мен кітаптардан үзінділермен танысты. 2-3 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіздік - баға жетпес байлығым» сурет сайысы, 4 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан – менің Отаным» шығарма сайысы өткізілді. Оқушылар белсенді қатысып, өз жұмыстарында егемен еліміздің тәуелсіздік жолындағы

## ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС

2023-2024 оқу жылындағы 29 желтоқсан мен 7 қаңтар аралығында оқушылардың қысқы демалысы ұйымдастырылды. Оқушылар күнделікті мектепке келісімен таңғы жаттығу жасады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шаралар өткізілді. «Мен оқыған ертегі» постері дайындалды. Балалар өздері оқыған ертегі бойынша постер дайындады. Онда ертегі желісін көрсететін суреттер, ертегі мазмұнынан үзінділер болды. Сонымен қатар, «Кітап оқитын адам-жетістіккке жететін адам» тақырыбында ойын сабақтары өткізілді. «Менің сүйікті ертегім» сурет сайысы өткізілді.

Қарабас кенті мәдениет үйімен бірлесе отырып Абай Құнанбайұлының И.Крыловтан аудармасы «Шегіртке мен құмырсқа» мысалының қойылымы қойылды. Оған 4 «А» сынып оқушылары қатысты. Қойылымның мақсаты: көрерменге еңбек етудің маңызын түсіндіре отырып, еңбекқорлыққа және адамгершілікке тәрбиелеу.

2-4 сынып оқушыларының қатысуымен төмендегі мектепшілік олипидалар өткізілді:

- ✓ Қазақ тілінде және орыс тілінде білім алатын сыныптардағы қазақ тілі пәні бойынша
- ✓ Қазақ тілінде және орыс тілінде білім алатын сыныптардағы ағылшын тілі пәні бойынша
- ✓ Орыс тілінде білім алатын сыныптардағы орыс тілі пәні бойынша
- ✓ Қазақ тілінде және орыс тілінде білім алатын сыныптардағы математика, жаратылыстану, дүниетану пәндері бойынша;

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін оңтайландыру және балаларды жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиадаларға сапалы ерте дайындау мақсатында олимпиада қысқы демалыс кезінде өткізілді. Олимпиадаға қазақ және орыс тілінде оқытатын 2-4 сынып оқушылары қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдармен, ал олимпиада жеңімпаздарын дайындаған жетекшілер алғыс хаттармен марапатталды.

4 сынып оқушыларының қатысуымен оқу сауаттылығы сабағы, математикалық сауаттылық сабағы, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық сабақтары және электрондық форматта тестілеуге дайындау сабақтары өткізілді.

## ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ

«Парасаттылық деген не?» тақырыбында адалдық сағаты өткізілді. Адалдық сағаты ауа райының қолайсыздығына байланысты қашықтан өткізілді, 2-4 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойына парасаттылық, жақсылық пен мейірімділік сынды ізгі қасиеттерді сіңіру.

Адалдық сағаты барысында балалар жақсылық және оның ережелері туралы айтып, мейірімді адам туралы ойларымен бөлісті. Парасатты адамның моделін құрастырып, «мейірімділік ағашының» суреті саалды. Өз ойларын ортаға салып, пікірлерді талқылады. Жемқорлықтың қылмыс екендігі туралы айтылып, парасатты адамның өмірлік қағидалары таныстырылды.

«Рәміздерім-айбыным» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаты мақсаты оқушылардың Отан, Қазақстан, туған жер туралы түсініктерін кеңейту, Қазақстан Республикасының рәміздері туралы түсініктерін қалыптастыру, ой – өрісін, танымдық қабілетін, жеке дара тұлға ретінде дамыту, отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын,

Гимнін қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Сынып сағаты барысында тақырыпқа сай мәліметтер айтылып,рәміздердің мағынасы мен қабылданған уақыты,авторлары туралы ақпаратпен таныстырылды. Мемлекеттік рәміздер жайында оқушылардың білімі жоғары. Оқушылар өздерінің бар білгендерін ортаға салып, сабақта жоғары белсенділікпен қатысты.

2-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Достығымыз жарасқан!» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты: буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, оқушыларды достыққа, ауызбіршілікке, жанашырлыққа және интернет желісіндегі мәдениеттілікке тәрбиелеу. Оқушылармен достыққа, командалық бірлікке бағытталған қызықты ойындар өткізілді.

Дұрыс тамақтанудың пайдасы» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарына 2-4 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты:Дұрыс тамақтану, уақытылы тамақтану туралы түсінік қалыптастыру; салауатты өмір салтын ұстануды дәріптеу.

26 қаңтар күні «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Қазақ есебі» республикалық челленджі өткізілді. Челленджге 2-4 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету.
Міндеттері: Білім алушылардың математикалық және логикалық есептерді шығаруға деген қызығушылығын ояту; Білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту; Математикалық білімнің өмірмен байланысын көрсету

## АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай бірқатар іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: Ұлтжандылыққа, отанын сүюге тәрбиелеу. Оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру; Өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалардың ерлігін үлгі ету; Ауған соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу.

Кешен оқушыларына арналған «Екі ғасырдың батырлары» атты ақпаратты бұрышы дайындалды. Бұрышта балалар Ауға соғысы жайлы жазылған кітаптармен, Ауған соғысында қаза тапқан отандастырымыз жайлы ақпараттармен таныса алды.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Шинкоренко Н.С. ұйымдастыруымен 2-4 сынып ұлдарының қатысуымен «Ең мықты! Ең алғыр! Ең тапқыр!» ұлдар арасындағы спорттық сайыс өткізілді. Сайыс барысында ұлдардың тапқырлығы, мықтығы мен жүйріктігі сыналды. Балалар топпен және жекелей сайыстарға қатысып, өз белсенділіктерін көрсетті.

«Бейбітшілік таңы» сурет көрмесі өткізілді. Сурет көрмесін ұйымдастырарда оқушыларға мағыналық және эстетикалық талаптар қойлыды. Балалар өздерінің көзінше бейбіт өмірді көрсетті. Бақытты балалық шақ, бейбіт өмірді бейнеледі. Суреттер ашық түстермен безендірілген.

Оқушыларға Ауған соғысы жайлы толық мәлімет беру мақсатында 2-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Ер есімі ел есінде» сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты барысы Ауған жерінде ерлік көрсеткен Отандастырмыз туралы ақпарат бере отырып, оқушыларды Отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеуге бақытталды. Сонымен қатар, балалар бірнеше тақырыптық бейнежазбалар тамашалады. Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Кеңес

әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай өткізілген іс-шаралар өз мақсатына жетті.

9 айға – 9 іс-шара» және «Оқуға құштар мектеп» жобалары аясында ақпанның 28-і күні кітап оқу челленджі өткізілді. Челлендж аясында кешен оқушылары ертегі оқып, мазмұныны талдады, өз ойларын ортаға салды және сыйлыққа кітаптар алды. Мақсаты: білім алушылардың кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту.

Міндеттері:

- ✓ Білім алушының функционалдық оқу дағдысын және шығармашылық қиялын дамыту;
- ✓ Білім алушының кітап оқуға қызығушылығын ояту;
- ✓ Білім алушыларда оқыған кітаптарының мазмұны мен сүйікті кейіпкерлерінің мінез-құлқы туралы өзара талқылауға негізделген қарым-қатынас жасау мәдениетін дамыту;

## НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ АЙЫ

Алғыс күніне орай «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде» 2-4 сынып оқушылары ашықхат жасады. Балалар ашықхаттарында өз жақын адамдарына шынайы ризашылықтары мен алғыстарын білдірді. Ашықхаттар көркем, әрі эстетикалық талаптарға сай безендірді. «Азаматтық қорғаныс күні» тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан тұрғындарды қорғау және әрекет етуге дайындығы - кәсіпорындар және шаруашылық нысандарында құрылған азаматтық қорғаныс құрылымдарының, аумақтық ТЖ органдарының негізгі міндеті болып табылады. Сондықтан балалар суреттерінде ел арасында жүрген қаһармандар мен олардың ерлігін бейнеледі.

2 – наурыз күні 1-4 сынып оқушыларына арналған «Өрт – дос, өрт - қас», «Өз-өзіңді сақта», «Электр құрылғыларымен қалай қолдану керек», «Жолда жүру ережелерінің білгірлері» тақыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында оқушылар ойын және сайыс барысында аталған тақырыптар бойынша ақпараттармен танысты.

Наурыз мейрамын атап өту мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

14 наурыз – Амал мерекесінемесе «Көрісу күні». Бұл күні жұрт бір-бірін ұлыстың алғашқы күнімен құттықтап, төс қағыстырып сәлемдесіп, көрісу рәсімін жасайды. Осыған орай кешен оқушылар көрісу челленджін өткізді. Көпұлтты мемлекетімізді мекен еткен қазақстандықтар «Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!», «Ақ мол болсын!», «Ұлыс оң болсын!», «Жаңа жыл құтты болсын!» деген секілді сөздер арқылы жаңа жылдың келуімен құттықтап, арқа-жарқа болды. Балалар шаттық шеңберінде бас қосып, бірімен араздасқан адамдар өзара кешірім сұрайтын, арасы алыстаған ағайын жақындасатын күнді насихаттады.

Балалардың зияткерлік әлеуетін, ақыл-ойын дамыту мақсатында «Наурыз-бейбітшілік пен жаңару мерекесі» тақырбында кітапханады тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Көрме барысында оқушыларға қазақтың ауыз және жазба әдебиетінің үлгілері көрсетілді. Наурыз мейрамы туралы қызықты ақпараттар берілді. . Зияткерлік сайыс барысында оқушылар қазақ ауыз әдебиетінің жұмбақтар, мақал - мәтелдер және нақыл сөздері туралы білімдерін ортаға салды, түрлі қиындықтағы жұмбақтардың шешеуін тауып, мақал-мәтелдерді жалғастырып, нақыл сөздердің мағынасын ашты, салт – дәстүрлер туралы білімдерін толықтырды.

Наурыз мейрамын атап өту аясында «Ұлттық ойындар» жарысы өткізілді. Салауатты өмір салтын қолдайтын оқушыларымыз екі топқа бөлініп, қазақ халқының ұлттық ойындарын ойнады және жақсы спортық дағдыларын көрсете алды. Балалар жарысқа үлкен қызығушылықпен қатыса отырып, жеңіске деген керемет ұмтылыстарын байқатты. Жарыс нағыз спорт, денсаулық және салауатты өмір салты мерекесіне айналды. Оқушылар сондай-ақ қазақ халқының ұлттық ойыны – тоғызқұмалақты да ойнап, өз шеберліктері мен тапқырлықтарын да танытты.

Өзінің мыңжылдық тарихында Наурыз мейрамы табиғаттың және қоғамның қайта түлеуі мен жаңаруының, адамзат баласының рухани тазаруы мен өзін-өзі дамытуының нышанына айналды. Осы шуақты да қастерлі мереке амандықты, бірлікті, бауырластық пен өзара қолдауды танытып, біздің елдерімізді біріктіретін барлық мәдени-тарихи құндылықтарды дәріптейді. Оқушылардың Наурыз мейрамы мен ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын мақсатында «Ұлттық мұра-асыл қазына» тақырыбында қолөнер бұйымдарының және сурет сайысы өткізілді.

2-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Буын биі. Қара жорға биін билеу» челленджі өткізілді. Ұлттық музыкалық аспап домбыраны және қазақтың күй өнерін насихаттау мақсатында «Адай», «Сарыарқа» күйлерін тыңдау шарасы ұйымдастырылды.

«Наурыз-көктем» жәрмеңке-ойыны өткізілді. Ойын барысында оқушылар «Қазақтың ұлттық тағамдары» мен «Наурыз көже» тақырыбындағы постер безендірді. Ұлттық тағамдар туралы білімдерімен бөлісіп, тақырыпты талқылады. Әр ұлттық тағамның құрамын, пайдасын аша отырып, оны насихаттады.

«Үлкенге құрмет – кішіге ізет» тақырыбында әжемнің әңгімесін оқыды. 3 Ә сынып оқушысы Аманжол Айарудың әжесі Манай Съез әже оқушыларға ғибадатты әңгімелер оқып берді. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарды әжеге қойып, жауап алды.

Наурыз мейрамына орай 2-4 сыныптарда сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарында балалар Наурыз мейрамы туралы қызықты ақпараттар алды. Ұлттық ойындар, тамақтар, киімдер және ұлттық өнер түрлері туралы айтты. Наурыз мейрамының халық тарихындағы алатын орны туралы білді.

Еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуін одан әрі дамытуға бағытталған ұлттық бірліктің басымдықтары бойынша оқушыларды рухани-адамгершілікке біріктіру және ұлттық құндылықтарды (салт-дәстүр) дәріптеу мақсатында «Қош келдің, әз Наурыз!» мерекелік концерті өткізілді. концерт барысында 2-4 сынып оқушылары ән айтты, би биледі, күй тартып, көрініс қойды. Наурыз мейрамына Қыдыр ата мен Наурыз әже келді. Олар балалармен ойын айтып, Қыдыр ата бата берді.

## КӨКТЕМГІ ДЕМАЛЫС

Оқушылардың көктемгі демалысын ұйымдастыру барысында наурыз айының 26-сы мен 29-ы арасында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Оқушылардың денсаулығын жақсарту мақсатында күнделікті таңғы жаттығу жүргізіліп отырды. Таңғы жаттығу - бұл қозғалтқыш жүктемелерінің режимі. Жаттығулар оң эмоцияларды алу, денсаулықты нығайту үшін қажет. Сондай-ақ балалардың эмоционалдық интеллектін арттырып, өздерін жақсы түсініп, қатарластарымен жақсы қарым-қатынас орната алу қасиеттерін дамыту мақсатында «Мен...жақсы көремін» писхологиялық жаттығуы өткізілді. Балалар өз жақсы көретін дүниелерін ортаға сала отырып, әр түрлі жастағы жаңа ортада өз пікірлестерін таба

алды. Бұл жаттығу алаңының әрі қарайғы жұмысында өткізілетін іс-шаралар барысында балалардың қызығушылығын ескеруге мүмкіндік берді.

Қарабас кенті мәдениет үйімен ұйымдастырылған «Спорт – ерліктің алаңы» атты спортық командалық сайысы өткізілді. Оқушылар түрлі ұлттық ойындарды ойнады, сайыстарға қатысты.

«Шағармашылық әлемінде» көркем еңбек сабағы өткізілді. Оқушылар шығармашылық сағатында сурет салды, ашықхаттар жасады.

«Кел, балалар оқылық!» оқу техникасы байқауы және «Dress жазу» көркем жазу байқауы өткізілді. Балалар Ыбырай Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесін оқып, сұрақтарға жауап берді. Ең үздік деген оқушылар диломдармен марапатталды.

Күнделікті оқушылардың оқу жетістігін бағалау мониторингіне дайындық сабақтары өткізілді. Оқушылар қосымша сабақтарға қатыса отыра, өз білімдерін арттырды.

Дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ сынды үстел ойындарын ойнап, үздіктер анықталды.

## СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

Сәуір айының 5-і күні денсаулық күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: денсаулықты сақтау мен нығайту, дұрыс тамақтану тәртібін сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстануға жас ұрпақтың назарын аудару.

2-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Денсаулық зор байлық» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының барысында балалар салауатты өмір салтын ұстау жолдары және оның маңызы, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу туралы танымдық ойындар ойнады. Балалар тамақтарды пайдасы мен зиянына қарай жіктеді. Мектеп жасындағы баланың дұрыс күнтізбесін құрастырды. Кешен медбикесі Терре Ольга Анатольевна оқушыларға дұрыс тамақтану қағидалары туралы ақпарат берді.

Мектепшілік «Жас қыран» ұйымының мүшелерінің қатысуымен «Біз салауатты өмір салтын ұстаймыз» атты флэшмобы өтті. Флэшмобтың мақсаты: балаларды зиянды әдеттерден аулық болуға шақыру, салауатты өмір салтын және спортты насихаттау болды.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Шинкоренко Наталья Сергеевнаның ұйымдастырумен сергіту сәті челленджін ұйымдастырылды. Оқушылар топтық, командалық және жекелей сайыстарға қатысты.

1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның Байқоңыр аймағынан тұңғыш космос кораблі ғарышқа аттанды. Сөйтіп, Юрий Гагарин – әлемнің тұңғыш ғарышкері, ал Байқоңыр – ғарыш аймағына айналды. Алғашқы ғарыш сапарынан кейінгі жылдары 500-ден аса ғарышкер аспан әлеміне сапар шегіп, ғылыми зерттеулер жүргізді. Солардың ішінде Қазақстанның үш өкілі, өз елінің ұлттық батырлары, ұшқыш-ғарышкерлер: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовтер де бар. Олардың есімдері Қазақстан тарихы бетіне алтын әріптермен жазылды.

Осы орайда Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесіоқушыларына ғарыш туралы түсініктерін кеңейту, еліміздің мақтаныштары – қазақ ғарышкерлерімен таныстыру мақсатында сынып сағаттары өткізілді.

## МАМЫР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді.

2-4 сынып оқушыларының қатысуымен 1-мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай бірлік сабақтары өткізілді. Мақсаты: Қазақстандағы бейбітшілік пен келісімді нығайту, оқушылар бойында ортақ мәдени-рухани құндылықтар мен жалпыұлттық сананы қалыптастыру. Сынып сағаттарында барлық қазақстандықтардың ауызбіршілігі мен татулығы маңызы ашылып айтылды. Оқушылар сабаққа белсене қатысты. Жаттаған өлең шумақтары мен мақал – мәтелдерін айтты, суреттер салды. Сонымен қатар, мерекелік концерт өткізілді. Концертте оқушылар ән шырқап, би билеп, өлеі жолдарын оқыды, үгіт бригадасын көрсетті.

Мектепшілік «Жас қыран» ұйымының мүшелерімен қатысуымен «Қазақстан – ортақ Отанымыз» атты үгіт бригадасын көрсетті. Жас қырандықтар оқушыларды ауызбіршілікке, Отанымыздың құндылықтарын құрметтеуге, патриотизмді насихаттауға шақырды.

7, 9 мамыр күндеріне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді.

2-4 сынып оқушыларының қатысуымен тақырыптық сынып сағаттары өткізілді. Оқушыларға екінші дүниежүзілік соғыс туралы ақпарат беріліп, 9 мамыр күнінің маңызы ашылып айтылды. Оқуышылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап ала алды.

Отан қорғаушылар күніне орай тек ұл балалардың қатысуымен сайыстар өткізілді. Ұлдар өздерінің тапқырлығы мен жүйріктігін көрсетті. Ең үздіктер мадақтау қағаздары мен шағын сыйлықтарман марапатталды.

Аналар күніне арналған "Анам менің" суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

**31 мамыр – Қазақстан тарихының ең қайғылы беттерінің бірі - жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.** Қуғын-сүргін арқылы 100 мыңға жуық қазақстандық өтті. 20 мыңы атылды. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, М.Дулатұлы, Т.Рысқұлов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Асфендияров сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары болды. Осы бір қайғылы күннің жас қазақстандықтардың санасына сіңіру мен тарих сахнасындағы саңлақтарымызды жанкештілігін ұлықтау мақсатында «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде сынып сағаттарты өткізілді.

Жазғы демалыс алдында «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Қауіпсіз жаз» тақырыбында қауіпсіздік техникасы нұсқаулықтары өткізілді. Оқушыларға судағы, теміржолдағы, көшедегі және табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері айтылды. «Қарабас кентінің қауіп-қатер картасы» таныстырылып, қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.

24 мамыр күні «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Білімім – Отаныма!» жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатына 2-4 сынып оқушылары қатысты. Үздік және жақсы оқыған оқушылар мадақтамалармен марапатталды. Тәрбие сағаты барысында оқушылардың жыл бойы жинаған жетістіктері айтылды. Оқушылар 2023-2024 оқу жылындағы ең қызықты сәттерін еске алды. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Сенің қуанышқа толы демалысың» гайдбуғы таратылды. Сонымен қатар оқушыларға Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрі Ғани Бейсенбаевтың оқу жылының аяқталуымен құттықтауы көрсетілді.

**Нәтижесі:** Кешен оқушылары

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата»,

«тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысы толық атқарылған. Қойылған мақсаттарға айқынды түрде қол жеткізудің алғышарттары орындалған.

**Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағытында жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат**

Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында дене тәрбиесі және салауатты өмір салты бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді.

**Дене тәрбиесі** - тәрбиенің құрамды бөлігі. Ол денені жетілдіруге, яғни денсаулықтың, дене дамуының және дене әзірлігінің жоғары деңгейіне жетуіне бағытталған. Бұл анықтама дене тәрбиесінің салыстырмалы түрде даралық ерекшелігін көрсетеді. Ол тәрбиенің басқа түрлері – адамгершілік, эстетикалық, ақыл-ой, еңбек т.б. тәрбиелермен байланысты.

**Оқушылар дене тәрбиесі** – мектепте, мектептен тыс жерлерде мектеп жасындағы балалармен жүргізілетін әртүрлі жұмыстар.

Дене тәрбиесінің мақсаттары:

1. Сауықтыру міндеттері: денсаулықты нығайту, денені жан-жақты дамыту, ағзаны шынықтыру, адамдардың ұзақ өмірін қамтамасыз ету;
2. Білім беру міндеттері: қозғалыс дағдылары мен іскерлікті қалыптастыру, дене қасиеттерін (жылдамдық, ептілік, икемділік, күш, төзімділік т.б.) қалыптастыру, арнаулы білімді меңгеру, ұйымдастырушылық қабілеттерді бойға сіңіру;
3. Тәрбиелеу міндеттері: ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық және еңбек, т.б.тәрбиелерге ықпал ету сияқты міндеттерді шешу қарастырылады.

8 қыркүйек күні «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Сергіту сәті» республикалық челленджі өткізілді. Челленджге 2-4 сынып оқушылары қатысты.

Сергіту сәті –бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады.

Сергіту сәті – білім алушылардың ұзақ монотонды позасынан туындаған статикалық кернеуді жеңілдету мақсатында сергіту сәті жаттығуларын өткізуге арналған сабақ процесіндегі қысқа мерзімді үзілістер.

Челленджднің мақсаты - балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Қарашаның үшінші бейсенбісі халықаралық темекіден бас тарту күні аталып өтеді. Бұл күннің мақсаты – темекіге тәуелділікті азайтып, халық арасында темекі шегуге қарсы күрес жүргізу және темекінің денсаулыққа зиянды әсері туралы қоғамды хабардар ету.

Осыған орай 20 қараша күні «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде жалпыреспубликалық «Еркін тыныс ал!» флэшмобы өткізілді. Флэшмобқа 2-4 сынып оқушылары қатысты.

Мақсаты оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, шылымқорлықтан саналы түрде бас тарту дағдыларын қалыптастыру, адам ағзасына шылымқорлықтың зиянды әсері туралы түрлі ақпарат беру.

17 қараша күні «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Асық ату» республикалық челленджі өткізілді. Челленджге 2-4 сынып оқушылары қатысты. Челлендж мақсаты: білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау

Міндеттері:

- ✓ қазақ халқының ұлттық ойындарын жаңғырту және насихаттау
- ✓ қазақхалқыныңұлттыққұндылықтарынқастерлеу
- ✓ оқушылардыасықойынына баулу

2023 жылдың 30 қараша мен 3 қараша аралығында оқушылардың күзгі демалысы ұйымдастырылды. Оқушылар күнделікті мектепке келісімен таңғы жаттығу жасады. Дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ сынды үстел ойындарын ойнап, үздіктер анықталды.

«Қысқы спорт түрлері» тақырыбында суреттер байқауы өтті. Онда балалар белсенді қатысып, әртүрлі қысқы ойындар мен спорт түрлерімен айналысып жатқан өздерін, отбасыларын бейнеледі. Байқауға қатысқан балалардың саны көп болды, өйткені балалар қысқы спорт түрлерін өте жақсы көреді. Сонымен қатар, өз таланттарын тек спортта ғана емес, шығармашылықта да көрсеткенді ұнатады. Жеңімпаз кубокпен марапатталды, ал ынталандыру мақсатында конкурсқа қатысқан оқушылар түрлі марапат қағаздарымен марапатталды.

Оқушылардың көктемгі демалысын ұйымдастыру барысында наурыз айының 26-сы мен 29-ы арасында бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Оқушылардың денсаулығын жақсарту мақсатында күнделікті таңғы жаттығу жүргізіліп отырды. Таңғы жаттығу - бұл қозғалтқыш жүктемелерінің режимі. Жаттығулар оң эмоцияларды алу, денсаулықты нығайту үшін қажет. Сондай-ақ балалардың эмоционалдық интеллектін арттырып, өздерін жақсы түсініп, қатарластарымен жақсы қарым-қатынас орната алу қасиеттерін дамыту мақсатында «Мен...жақсы көремін» писхологиялық жаттығуы өткізілді. Балалар өз жақсы көретін дүниелерін ортаға сала отырып, әр түрлі жастағы жаңа ортада өз пікірлестерін таба алды. Бұл жаттығу алаңының әрі қарайғы жұмысында өткізілетін іс-шаралар барысында балалардың қызығушылығын ескеруге мүмкіндік берді.

Қарабас кенті мәдениет үйімен ұйымдастырылған «Спорт – ерліктің алаңы» атты спортық командалық сайысы өткізілді. Оқушылар түрлі ұлттық ойындарды ойнады, сайыстарға қатысты

Сәуір айының 5-і күні денсаулық күніне орай бірқатар іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: денсаулықты сақтау мен нығайту, дұрыс тамақтану тәртібін сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстануға жас ұрпақтың назарын аудару.

2-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Денсаулық зор байлық» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының барысында балалар салауатты өмір салтын ұстау жолдары және оның маңызы, дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау, зиянды әдеттерден аулақ болу туралы танымдық ойындар ойнады. Балалар тамақтарды пайдасы мен зиянына қарай жіктеді. Мектеп жасындағы баланың дұрыс күнтізбесін құрастырды. Кешен медбикесі Терре Ольга Анатольевна оқушыларға дұрыс тамақтану қағидалары туралы ақпарат берді.

Мектепшілік «Жас қыран» ұйымының мүшелерінің қатысуымен «Біз салауатты өмір салтын ұстаймыз» атты флэшмобы өтті. Флэшмобтың мақсаты: балаларды зиянды әдеттерден аулық болуға шақыру, салауатты өмір салтын және спортты насихаттау болды.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Шинкоренко Наталья Сергеевнаның ұйымдастырумен сергіту сәті челленджін ұйымдастырылды. Оқушылар топтық, командалық және жекелей сайыстарға қатысты.

«Олимпиадалық қозғалыс. Кеше және бүгін» іс-шарасы өткізілді. Онда балаларға Қазақстан чемпиондары өмірбаянымен және ең үлкен жеңістерге ұмтылу мотивациясымен таныстырылды. Еліміздің өскелең ұрпағы спорт қаһармандары білу маңызды!

Оқушыларға сабақтағы және үзіліс уақытындағы қоғалмалы әрі қызықты ойындар туралы ақпарат берілді. Қозғалмалы ойындар тек дене шынықтыру сабақтарында ғана емес, сонымен қатар басқа сабақтарда да, үзілісте де өткізілуі керек. Балалар үзілісте қандай ойындар ойнайтынын көрсетті, өйткені ойынның көмегімен адам белгілі бір қасиеттерді (күш, ақыл, қозғалыстарды үйлестіру, зейін және т.б.) дамытуға, әлем туралы жаңа білім алуға, қандай да бір себептермен қарапайым өмірде қол жетпейтін тәжірибелерді сезінуге мүмкіндік алады.

«Жаттығудың пайдасы» спорттық-танымдық бағдарламасы өтті. Оған балалар ғана емес, ата-аналар да қатысты. Ата-аналар балаларды спортта үлкен қуанышпен қолдайды, сонымен қатар олар балалармен бірге акробатикалық және жалпы даму жаттығуларын көрсетті. «Дені сау отбасы-дені сау ұлт!» демекші мемлекеттің міндеті - дені сау балаларды тәрбиелеу және өз азаматтарының өмірін ұзарту. Өйткені, бүгінде адамдардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Дарынды балалармен жұмыс істеудің басты бағыттарының бірі-аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар мен оқушылар конкурстарына қатысу. Оқушылардың әртүрлі зияткерлік конкурстарға қатысуы олардың шығармашылық қабілеттерін ашу үшін қосымша жағдайлар жасауға мүмкіндік береді, жауапкершілікті өз мойнына алу қабілетін, шешім қабылдау қабілетін қалыптастырады, білім көлемін арттырады, ой-өрісін кеңейтеді.

Мектепте талантты оқушылардың дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған:

- дарынды және қабілетті балаларды диагностикалау және педагогикалық қолдау жүйесі қалыптасты;
- мектептік және қосымша білім берудің оңтайлы құрылымы бар;

- дарынды балаларды қолдауды қамтамасыз ету бойынша білім беру процесіне қатысушылардың барлығының қызметі үйлестіріледі;
- дарынды оқушылармен жұмыс істейтін педагогтарды әдістемелік даярлау жүзеге асырылады.

Оқушылар түрлі пәндер бойынша қашықтықтан халықаралық олимпиадаларға белсене қатысып, математика, қазақ тілі, ағылшын тілі, орыс тілі, тарих пәндерінен орын алады. Ай сайын "Дарын"РҒПО желісі бойынша өткізілетін олимпиадаларға қатысып отырады.

Жыл сайын мектепте 2-4 сынып оқушыларына арналған, оқушылардың пәндік олимпиадаларға дайындық деңгейін анықтау, жаңа табысты оқушыларды анықтау және қалалық конкурстарға дайындық үшін мектепшілік пәндік олимпиадалар өткізіледі. Оқушыларды мектеп олимпиадасына сапалы дайындау "Дарын" орталығы желісі бойынша болатын олимпиадалар мен конкурстарға қатысушылар мен жүлдегерлер санының өсуіне ықпал етеді.

**5. Оқу-материалдық активтер**

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі сақталған.

Кешен ғимараты екі қабатты кірпішті ғимаратта орналасқан.  Ғимарат типі - үлгілік жоба,  жалпы аумағы – 930,5 м$^2$ пайдалы аумағы – 683,3 м$^2$, салынған жылы – 1968 жыл.  күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын қажет етпейді.

2024 жылы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, шатыр мен терезелер ауыстырылды. Жобалық қуаты – 100.

Кешеннің  бірінші қабатында бастауыш мектептің оқу сыныптары орналасқан. 2 қабатта балабақша топтары орналасқан.

Оқу-тәрбие процесін сапалы өткізу үшін мектепте бастауыш сыныптарға арналған 4 кабинет жасақталған.

Сыныптар мектеп кеңістігінің заманауи эстетикалық тартымды көрінісі бар оқу жабдықтарының толық кешенімен және жиһаздармен жабдықталған, тағы басқа. қосымша әдебиеттерге, көрнекі құралдарға арналған шкафтар,  пәндер бойынша ақпараттық стендтер бар. Оқу сыныптары балалардың жас және физикалық ерекшелігіне сай   парта және  орындықтармен,  тақта, компьтерлік үстелмен жасақталған.

Ағымдағы білім беру бағдарламаларын табысты жүзеге асыру үшін оқу сай орнында ақпараттық ортаның болуы, мектепті оқу және көрнекі құралдармен, компьютерлік техникамен, бағдарламалық қамтамасыз етумен жарақтандыруды қамтитын жеткілікті ресурстық база қалыптасқан.

Оқушылардың гигиенасын сақтау үшін әр кабинетте гигиеналық тазалықты сақтауға жағдай жасалынған. Ер балалларға арналған 3 унитаз, 3 раковина және қыз балаларға арналған 3 унитаз, 3 раковинамен жасақталған.

Мектеп интернетке қосылған. Өнім беруші АО «Қазақтелеком» Радиомост жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Интернет желісіне Абоненттік құрылғыны (модем, роутер) ұсына отырып 20 Мбит/с жылдамдықпен қол жеткізу қызметін ұсынады. Интернет арқылы біздің мұғалімдеріміз, оқушыларымыз әртүрлі білім платформаларда жұмыс жасайды. Электронды журнал, ҰББМБ жүйелері уақытылы толтырылады.

Кешенде барлығы: компьютер - 37 дана, ноутбук - 10 дана, моноблок – 10 дана және классмейттер – 9 дана, жеке компьютерлар – 8 дана, сонымен қатар 1 проектор бар.

Мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге 50 орынға арналған асхана бар. Оқушылардың тамақтануы үшін барлық жағдайлар жасалған. Әр күн сайын бекітілген кестеге сәйкес 2 – 4 сынып оқушылары толықтай ыстық тамақ ішеді. Мектеп ұстаздары және мектеп әкімшілігі күнделікті асханада кезекшілік атқарады. Мектеп медбикесі әр күн сайын мәзір бойынша дайындалатын тағамның дәмін сапасын көріп, тексеріп, бракераждық журналға жазып отырады. Айына екі рет бекітілген кестеге сай мектеп директорының бұйрығымен бекітілген бракераждық комиссия мүшелері ас блогының санитарлық – гигиеналық жағдайын бақылау мақсатында тексеру жүргізіп, нәтижесі бойынша акт толтырып отырады. Сондай – ақ асханада «Дұрыс тамақтану» бұрышы бар. Тағамның шығуы көрсетілген мәзір күнделікті мәзірдің перспективалы мәзірге сәйкес келуі, дайын тағамның тәуліктік сынамасы алынып отырылуы, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары, олардың пайдаланылатын тізбесі туралы мәліметтер бар және үнемі бақылауда болады. Кешенде жұмыс жасап отырған асхана санитарлық талаптарға сай. Технологиялық құралдармен, тамақ пісіретін қажетті электр плиталары, тоңазытқыштар, кесу үстелдері, ыдыс – аяқтармен жадықталған. Асхананың материалдық – техникалық базасы жақсы деңгейде. Қойма бөлмесі, мұздатқыш жұмыс жасап тұр. Арнайы тамақ пісіру, ыдыс жуатын бөлігі бар. Экологиялық таза ауыз сумен қамтылған. Асхананың жұмыс істеуіне қажетті бұйрықтар шығарылып, тамақтану кестесі жасақталған.

- Білім беру мекемесінің кешенді қауіпсіздігі - бұл білім беру мекемесінің іс-шараларының жиынтығы. Кешеннің қауіпсіздік объектісі қауіпсіздіктің барлық түрлері болып табылады, соның ішінде: өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі, жарылыс қаупі, тіршілік ету ортасының техникалық жағдайына байланысты қауіп т.б.

Жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру мынадай бағыттарда жүзеге асырылды:

- қызметкерлер мен білім алушылардың денсаулығын қорғау және олардың өмірін сақтау;
- қызметкерлер мен білім алушылардың техникалық қауіпсіздікті сақтауы;
- қызметкерлер мен оқушыларды жеке қауіпсіздікті және айналасындағылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістеріне оқыту.

Ғимаратты, үй-жайлар мен мүлікті сенімді қорғауды, білім беру мекемесінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, қауіпті көріністер мен жағдайларды уақтылы анықтау және болдырмау мақсатында бұйрықтар шығарылып, жауаптылар тағайындалған.

Кешен оқушыларының қауіпсіздігі үшін кешеніміздің үй – жайларында және іргелес аумақтарында бейнебақылаулар орнатылған. Кешен бойынша барлығы 33 бейнекамера орнатылған. Ішінде 17 бейнекамера, мектептің периметрі бойынша сыртта 16 камера орнатылған. Аудандық полиция бөліміне шығатын дабыл түймесі мен дыбыстық хабарлау нүктесі бар.

Кешенімізде ғимаратты күзетуді күндіз вахтер, түнде күзетшілер жүзеге асырады. Сондай-ақ бірыңғай диспетчерлік қызмет құрылған. Мектеп ғимаратына кіріп-шығу режимі бақыланады. Мектепке кіру алдыңғы есіктер арқылы жүзеге асырылады. Бөгде адамдардың мектепке кірмеуі мақсатында сыртқы есіктер жабылған.

Білім алушылардың ата-аналары белгіленген уақытта сабақтан кейін мектеп ғимаратына жіберіледі. Вахта қызметкері келушілер туралы деректерді тіркеу журналына енгізеді.

Мектеп оқушылары сынып жетекшісінің немесе кезекші әкімшіліктің рұқсатынсыз оқу процесі кезінде ғимараттан шыға алмайды. Бастауыш сынып оқушыларын ата-аналар сабақ соңында мұғалімнің алдын ала шақыруы бойынша алып қайтады.

Мектепке келушілер жеке басын куәландыратын құжаттарды көрсетуден және келу мақсатын түсіндіруден бас тартса, кез келген келушілердің мектепке кіруіне тыйым салынады.

**Мектепте Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы – 97% -ға теңеледі, ол 4 (төрт) деген баллға сәйкес келеді.**

Мектеп ғимаратында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін, зағиптар мен нашар көретін адамдарға арналған, мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған пандус, көмекке қоңырау шалу түймесі, көмекке қоңырау шалу үшін сымсыз қоңырау, үй – жайға кіру, шығу тактильді пиктограммасы, көру қабілеті бойынша мүгедектерге арналған тактильді жер үсті көрсеткіштері, қорғаныс пленкасы бар Брайль алфавитімен толық түсті тактильді белгішелер жоқ. Аудандық білім бөліміне сұраныс жасалған.

**Мектепте ғамараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу) – 80 % - төмен, ол 2 (екі) деген баллға сәйкес.**

Оқушыларға алғашқы медициналық көмекті дер кезінде көрсету үшін бірінші қабатта үш бөлмеден тұратын медициналық қызметке арналған мемлекеттік лицензиясы № 21006541 , санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар медициналық кабинет орналасқан. Жалпы ауданы - 19,9 $м^2$. балаларды қарау бөлмесі - 9,0 $м^2$,ем шара бөлмесі - 5,3 $м^2$ , оқшаулау бөлмесі - 5,6 $м^2$.

Медициналық пунктте жарақтандыру бойынша: жазу үстелі, күндізгі төсек (кушетка), кеңсе және медициналық шкаф, тоңазытқыш, вакциналарды тасымалдауға арналған қорапша, тонометр, үстел шамы, медициналық термометрлер, қайшы, бір рет қолданылатын - 2,0; 5,0; 10,0: 20,0 шприцтер, резеңкелі жылыту төсемі, бір рет қолданылатын шпательдер, үлкен және кіші бикс, мұзға арналған ыдыс, кілемше, сантиметрлік таспа, көру өткірлігін анықтауға арналған кесте, бір реттік бетперделер, дезинфекциялық ерітінді үшін контейнерлер. Медициналық құжаттама санитарлық ережелерге сәйкес жүргізіледі.

Мектептің edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атауы бар. Мектептегі оқу-білім процестерін автоматтандыруға көмектеседі, мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің атқарып жатқан жұмыстарының электронды нұсқасын, қажетті ақпараттарды осы сайттан қарап, көріп, жүктеп алуға мүмкіндік бар. Электрондық жүйеден білім ордасы туралы жалпы ақпарат, яғни мектептің төлқұжаты, мектеп жарғысы, мектептің даму бағдарламасы туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік бар. Біздің команда бөлімінен мектеп әкімшілігі, мектеп медбикесі, әдістемелік бірлестік туралы мағлұматтар жүктелген. Білім беру драйвері бөлімінен ақпараттандыру

бойынша жұмыс, тәрбие жұмысы, әдістемелік жұмыстар, мектеп асханасында тамақтану туралы ақпараттар енгізілген. Нормативті – құқықтық актілер жүктелген. Ата – аналар мен оқушыларға арналған ақпараттар бөлімінде мемлекеттік қызмет түрлері, сабақ кестесі, хабарландырулар жазылған. Террорлық актілерге қарсы қарсы ақпараттар енгізілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл түрлері туралы мәліметтерді де жүктеп алуға болады.

**6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор**

Жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапхананың орны ерекше. Бүгінгі шәкірттер – ертеңгі ел тұтқасы. Болашақ мамандардың көзі ашық, көкірегі ояу, заман талабына сай тұлға болып қалыптасуына тигізер әсері мол. Өйткені, тәрбие мен тәлім егіз ұғым десек, тәрбие мен білім берудің жаңа жолын кітапханадан табамыз.

Кітапхана – оқушылардың сапалы білімінің кепілі. Кітапхана – кітап арқылы жеке адамның жан-жақты білім алуымен қатар патриоттық рухта тәрбиеленуіне, саяси сапасын қалыптастырып, ғылыми, кәсіби, мәдени дәрежесінің дамуына әсер ететін бірден-бір әлеуметтік орын. Жас ұрпақтың бойында патриоттық, отансүйгіштік, адамгершілік, әділдік, бауырмалдық қасиеттерді қалыптастыруда кітапхананың маңызы орасан зор.

**Кітапхана жайында қысқаша анықтама:**

Кітапхана мектептің екінші қабатында 17,9 $м^2$ көлемді кабинетте орналасқан. Техникалық құралдар: кітапханада оқырман үшін 1 компьютер және кітапханашының жұмыс істеу үшін 1 компьютер 1 принтер бар.

Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры – 3155 дана.

| | |
|---|---|
| Көркем әдебиет | - 1930 дана |
| Оқулық | - 1225 дана |
| Электронды оқулық | - 91 дана |

**Кітапханадағы негізгі құжаттар:**

1. Мектеп кітапханасының қызметін реттейтін, басшылыққа алатын нормативтік құжаттар.
2. Кітапхананың жұмысының жылдық жоспары.
3. Сыныптар бойынша оқулықтарды беруді тіркеу журналы.
4. Кітаптарды есептен шығару актерлері.
5. Кітапхананың жұмысы туралы есебі.
6. Көркем әдебиеттер қорын тіркеудің инвентарлық кітабы.
   1.Оқу әдістеме қорын тіркеудің инвентарлық кітабы.
   2.Электронды оқулықтардың тіркеудің инвентарлық кітабы.
7. Кітапхана жұмысының күнделігі.
8. Оқу әдебиетінің сумарлық есеп кітабы.
9. Оқулықтардың суммарлық есеп кітабы.
10. Оқырмандар жоғалтқан әдебиеттердің және қабылданған әдебиеттерді есепке алу кітабы.
11. Оқырмандар формулярын тіркеу журналы.
12. Оқырмандар формулярының карточкасы.
13. Кітапханаға қабылданған кітаптардың іліспе құжаттары/накладнойлар/
14. Мерізімдік басылымдарды тіркеу карточкасы.
15. Мерізімдік басылымдарға жазылу құжаттары.
16. Жоспарланған контингент және жетіспейтін кітаптарға сұраныстар.
17. Уақытша сақталынатын оқулық қорының есеп дәптері.
18. Регистрациялық карточкалардың есеп журналы.

**Кітапхана жұмысы бойынша оқушылармен бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.**

***«Оқуға құштар мектеп»*** жоба аясында "Қуаныш" мектеп-бөбекжай кешенінің қабырғасында маусым және тамыз айларының аралығында келесідей іс-шаралар өткізілді. Бұл іс-негізгі мақсаты: оқушылардың оқуға деген қызығушылығын артыру, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Міндеті: балалар әдебиетін оқушыларға таныстыру. Маусым айында «Играй, считай, разгадывай», «Умники и умницы», «Арт Аллея» атты бұрыштары мен «Живут на свете книжки» атты кітаптар көрмесі әзірленді.

Шілде айында «Жазда бірге оқимыз», «Сиқырлы әлемге саяхат» атты кітапханаларға саяхаттар өткізілді.

Тамыз айында «Летнее чтение», «Достарыммен бірге оқимыз» атты ұстаздармен бірге ертегілер оқу, оқушылар бірге ертегілер оқу сынды қызықты іс-шаралар өткізілді.

https://www.facebook.com/photo?fbid=735085220936489&set=pcb.735085727603105

2022-2023 оқу жылының басынан бастап «Қуаныш» мектеп-бөбекжай» кешенінде «Оқуға құштар мектеп» жобасы өз жалғасын тапты. Жобаның бастауы «Балалар әдебиетінің анатологиясымен таныстыру» атты іс-шарамен қыркүйек айында шымылдығы ашылды.

2022 жылдың қыркүйек айының 20-шы жұлдызында 1-4 сынып оқушыларының арасында «Жаңылтпаштан жаңылма!» атты сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты оқушылардың тіл байлығын дамыту және жаңылтпаштарды жаңғырту болды. Сайысқа 3 және 4 сынып оқушылары белсенді қатысты. Берілген жаңылтпашты 1-2 минут ішінде мүдірмей жаттап, жатқа айтып берген оқушылар болды.

11.10.2022 күні «Моя настольная книга» атты 1-4 сыныптарңа арналған дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын ертегілерден өздері қойылым қою арқылы ояту. Оқушыларға таңдауға 20 шақты ертегі ұсынылды оқушылар ішінен өзіне ұнағанын таңдап қойылым әзірлеп ортаға салды.

2022 жылдың 25-қазанында «1001 мақал 101 жұмбақ» атты 3-4 сыныптар арасында интеллектуалдық ойындар сайысы өткізілді. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде асықтарды таңдау арқылы «Білгірлер» мен «Ұтқырлар» болып екі топқа бөлінді, екінші кезеңде берілген суреттердің логикалық байланысын тауып, мақалды анықтады. Үшінші кезеңде берілген жұмбақтарды шешті. «Білгірлер» тобы жеңіске жетті.

08.11.2022 күні 1-2 сынып оқушылары үшін «Әжем айтқан ертегі» атты ертегі оқу күні өткізілді. Оқушыларға «Кім күшті?», «Арыстан мен тышқан», «Түлкі мен

тырна», «Адам мен торғай» және т.б. ертегілер оқылды. Кітапханашы оқушыларды қызықтыру үшін әже кейіпіне енді. Балалар үшін бұл ерекше болды.

Дәл осы айда Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші,құмырсқа,қарлығаш» атты шығармасына қойылым қойылды. Қойылымға 3-4 сынып оқушылары қатыстырылды. Сонымен қатыр, апта сайын «Бірге оқимыз» атты жаппай 15 минут кітап оқу іс-шарасыда өткізіліп отырады.

https://www.facebook.com/photo?fbid=802214667556877&set=pcb.802215087556835

**«Бір отбасы - Бір кітап» жобасы жалғасуда.Мақсаты:** Жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғыру. Отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілікті қалыптастырып, кітап оқуға деген қызығушылықты ояту.

**Кітап оқудың 7 пайдасын білген жөн.**

1. Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі.
2. Кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады.
   Көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады.
3. Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді.
4. Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі.
5. Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.
6. Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.
7. Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Ақпарттық ортада оқуды жалғастыру үшін пайдалы және қажетті әдебиеттерді пайдаланады.
2. Кітап оқу мәдениеті мен оқу құндылықтарын қалыптастырады.
3. Аз оқитын немесе мүлдем оқымайтын оқырмандарды белсенді оқуға үйретеді.
4. Отбасылық кітап оқу дәстүрі жаңғырады.
5. Мектеп оқушылары мен тәрбиеленушілері көркем әдебиетті қызығушылықпен оқиды.
6. Ата-ана, мұғалім, кітапханашы оқу сауаттылығын қалыптастыру және отбасылық оқуды дамыту бойынша бірлесіп жұмыс істейді.
7. Кітаптарға ұқыпты қарайды, оқу сауаттылығы қалыптасады.

Оқырмандарды кітапхана ережесімен таныстыратын: «Кітапхана ережесі» атты көрнекі құрал ілінген. Мерзімді баспасөз басылымдарына арналған газет-журнал картотекасы бар.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне орай кітапханада «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік таңы атып, егемен ел болғалы халқымызда тарихи маңызы зор шаралар көптеп өткізілуде. Елбасының жарлығымен 1997 жыл – жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жариялануы соның бір белгісі. Кітапханада «Желтоқсан желі ызғарлы» презентация ұйымдастырылды.Желтоқсан айында жыл сайын 1- сынып оқушылары кітапханамен танысады. Балалар «Кітапхана әлемі» атты кітаптар еліне саяхат жасайды. Жалпы шолу жасалынып, қызықты кітаптармен танысады.

3-4 сынып оқушылары үшін қазақ халық ертегілері бойынша «Ертегі елінде қонақта» сурет салу байқауы өткізілді. «Менің сүйікті өлеңім» мәнерлеп оқу сайысы, «Отбасыммен оқимын» челенджі, «Менің сыйлығым – кітап» кітап сыйлау акциясы, «Кітап оқудың пайдасы» дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

**МектептеҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы №44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндe№13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі 100% болды, ол 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.**

**7. Білім алушылардың білімін бағалау**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау.

"Білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) мектепте критериалды бағалау іске асырылады.

Осы білім алушылардың білімін бағалау критерийлері (бұдан әрі - критерийлер) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-3) тармақшасына сәйкес әзірленді, олар меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды айқындайды.

Формативті бағалау-білім алушылардың сабақта, үйде білімін игерудің және дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейін айқындайтын, білім алу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқыту мақсаттарына қол жеткізетінін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау;

Жиынтық бағалау - оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылардың білімін игеру деңгейін және дағдыларының қалыптасқанын айқындайтын бағалау;

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бағалау критерийлері білім алушылардын оқу жетістіктерінің деңгейін өлшеу үшін қолданылады. Бағалау критерийлері әрбір оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарына сәйкес әзерленеді. Оқу жетістіктерің бағалау формативті және жиынтық бағалау формасында жүзеге асырылады.

Формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы жедел өзара

байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процессін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда, әлемнің көптеген елдеріндегідей, инклюзивті білім беру білім беру жүйесін дамытудың маңызды бағыты болып табылады, өйткені дамыған халықаралық қоғамдастықта инклюзивті білім беру әрбір адамның білім алу құқығын іске асыру құралы ретінде танылған. Біздің елімізде аталмыш ұстанымды қолдайды. Мұны әрбір баланың сапалы білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етудің білім беру саласын дамытудағы басты міндет болып есептелетіндігі айғақтай түседі.

## 8. Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары

Мектебімізде 1 педагог санатсыз. 2024-2025 оқу жылында кезекті аттесттаттаудан 2 педагог өтеді.

2021-2022 оқу жылында 2 ә сыныбында оқу үлгерімі сапасының төмендеуінің себебі негізінен оқушылардың қашықтықтан оқыту кезінде оқуға деген қызығушылығының төмендеуімен түсіндіріледі. Осы кезеңде оларға оқу іс - әрекеттерін ұйымдастыру, қосымша әдебиеттер мен интернетті қолдана отырып, материалды өз бетінше зерттеу қиынға соқты. Осыған байланысты осы мәселені шешудің мынадай жолдары белгіленді: мектепішілік бақылау жоспарына білімдегі олқылықтарды жою жөніндегі шаралар енгізілді.

## 9.Қорытынды

Мектептің өзін-өзі бағалауының қорытындысы бойынша барлық алға қойылған міндеттер ойдағыдай орындалды деп қорытынды жасауға болады. Мектебіміздегі педагогикалық ұжымының жұмысы оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру жолдарын іздеуге бағытталған. Әдістемелік жұмыс салыстырмалы түрде үздіксіз, тұрақты, күнделікті процесс.

Мектебіміздің оқушылары мемлекеттің білім беру стандартын талаптарға сай орындайды. Пәндер бойынша білім сапасын оқу жоспарына сай талдау барысында әр тоқсан бойынша оқушылардың білім динамикасының өсуін тұрақты түрде көруге болады. Бастауыш сыныпты аяқтаушы оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу талап етіледі.

Аттестаттау материалдарын зерделеу барысында аттестация педагогикалық шеберлікті арттыруға қуатты ынталандыру, жоспарлы түрде, жүйелілік принциптерін жүзеге асыруға негізделе отырып, үздіксіз шығармашылықты бақылау және ынталандыру болып табылады. Барлық құжаттама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсанындағы № 533 бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлерді аттестациялау ережесіне сәйкес жүргізілген. Соңғы үш жылдың ішінде мектебіміздің педагогтерінің барлығы дерлік аттестациядан өтті деуге болады. 12 педагогтің 5-і санатсыз. Директордың тағайындалғандығына 3 жыл толмағандықтан санаты жоқ. 1 педагог осы оқу жылында тесттілеуден өте алмай қалғандықтан, педагог санатына төмендетілді. 1 педагог жас маман. 1 педагог 2024-2025 оқу жылында кезекті аттестаттаудан өтеді. 7 мұғалім санаты бар, оның ішінде 2 педагог-сарапшы, 1 педагог сарапшы осы оқу жылында сыныптардың қысқаруына байланысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасар қызметінде қалды. Сондықтан «педагог-сарапшы» санаты алынып тасталды. 1 – үшінші санатты басшының орынбасары, 4 –педагог-модератор. санаттық өсуі 58% құрады.

Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы Нормативтік - құқықтық базаға сәйкес келеді, бұл оқу – тәрбие процесін тиімді, нәтижелі жүзеге асыруға, зерттеу жұмысының педагогикалық шығармашылығын дамытумен айналысуға мүмкіндік береді.

Мұғалімдердің біліктілігі мен шеберлігін арттыруға Педагог-зерттеушілердің өткізген, іс – тәжірибе алмасқан жұмыстарының нәтижесінде басқа мұғалімдердің білім – білік дағдыларының, педагогикалық шеберліктерінің артуына септігін тигізеді.

Сонымен қорытындылай келе, барлық жүргізілген жұмыстың нәтижесін шығара отырып, өзін – өзі бағалаудың қорытындысын **«жақсы»** деп бағалаймыз.

**білім беру ұйымдарының**
**бағалау критерийлеріне**
**4-қосымша**

**Бағалау парағы**
**Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің**
**"Қуаныш" мектеп-бөбекжай" кешені" КММ**
**(білім беру мекемесінің бағалау парағы)**

| **№** | **Бағалау критерийлері** | **Білім беру ұйымына сәйкес өлшеуішті бағалау мазмұны** | **Ұпайлар** |
|---|---|---|---|
| 1 | Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат | 85% | 3 |
| 2 | Біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет көтерген / растаған педагогтердің үлесі (оның ішінде үш жылда кемінде бір рет басшылар). | 68% | 2 |
| 3 | Кемінде үш жылда бір рет педагогтердің (оның ішінде басшылардың, басшының орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі | 92% | 3 |
| 4 | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі | 17% | 2 |
| 5 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһаздарымен жарақтандырылуы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) | 97% | 4 |
| 6 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасау | 80% төмен | 2 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі | 100% | 5 |
| 8 | Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) | 100% | 5 |
| 9 | Оқыту нәтижелері (білім білік және дағды сапасын бағалау) | 69% | 4 |
| 10 | Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5 |
| 11 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5 |
| 12 | Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5 |
| | **Өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды балл** | | **45** |

**Комиссия төрағасы** С.С. Хамзина
**Комиссия мүшелері:**
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары _______________ __Манас Ж.Б
Әдіскер ________________________ Әнес Б.
Кәсіподақ ұйымының төрайымы ______________________ _____ Горбунова Я.Э.
Бастауыш сынып мұғалімі _________________________________Шапшекеева Е.Ю
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ______________Вельк К.Е

Хатшы: _______________________________________ Казыкенова А.Б.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі | 100% | 5 |
| 8 | Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) | 100% | 5 |
| 9 | Оқыту нәтижелері (білім білік және дағды сапасын бағалау) | 69% | 4 |
| 10 | Білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5 |
| 11 | Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5 |
| 12 | Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау | 100% | 5 |
| | **Өзін-өзі бағалау бойынша қорытынды балл** | | **45** |

**Комиссия төрағасы** С.С. Хамзина
**Комиссия мүшелері:**
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ____________ Манас Ж.Б
Әдіскер ____________ Әнес Б.
Кәсіподақ ұйымының төрайымы ____________ Горбунова Я.Э.
Бастауыш сынып мұғалімі ____________ Шапшекеева Е.Ю
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ____________ Вельк К.Е

Хатшы: ____________ Казыкенова А.Б.